



● КҮШ АТАСЫН ТАНЫМАС



ПАЛУАНДАР біріншілігі қалай өтті?

**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Қостанайда еркін күрестен жасөспірімдер мен қыздар арасында ХІ халықаралық турнир аяқталды. Байрақты бөсеке Қазақстандағы еркін күрестің негізін қалаған Петр Матушактың құрметіне арналып өткізілді. Жарысқа еліміздің барлық облыстарынан, сондай-ақ, Шешен Республикасы мен Саха-Якутиядан, Кемеров облысы мен Солтүстік Кавказ федералды округінен (Дағыстан), Ре-

сейдің Екатеринбург, Челябин қалаларынан келген алпыстан астам команда және 550 палуан қатысты. Әр салмақ дәрежесінде 50-60 спортшының болуы – турнирдің жоғары деңгейде өткендігінің дәлелі.

Облыс қоржынына алғашқы медальді Бақытбек Мусин салды. Ол 46 келіде Алматы облысы мен Саха-Якутия Республикасының еркін күресшілерін артқа тастаған. Дегенмен, "алтын" үшін өткен айқаста жерлесіміз тағы бір якутиялық Константин Капрыновтан айланып асыра алмады. 54 келідегі кадеттер арасындағы әлем чемпио-

ны Алексей Копылев техникалық шеберлігімен жұртшылықты өзіне қарата білді. Алексей осы салмақтың басты "көзірі" саналған астаналық Ілияс Аманжоловты ұтты.

Төрешілердің пайымдауынша, ақтөбелік Мұратбек Мәжитов пен жамбылдық Нұралы Сәденнің арасындағы финал тартысқа толы, "үздік бөсеке" санатында болды.

**СУРЕТТЕ: байрақты бәйгеден көрініс.
Суретті түсірген: Айбек ЖҮЗБАЙ.**

Бармасаң, келмесең – жат боласың

**Айбек
КӘДІРҰЛЫ**

Жуырда облыс делегациясы жұмыс сапарымен Ресей Федерациясына барып қайтты. Негізгі мақсат "Тобыл" ӘКК арқылы астықты өңірдің мүмкіндіктерін жан-жақты таныстырып, инвестиция тарту болып отыр.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының басқарма төрағасы Арман Әлиев ҚР және РФ арасындағы іскерлік жағдайда өткен "ресейлік-қазақстандық инвестициялық диалог: қарым-қатынастың жаңа мүмкіндіктері" конференциясына қатысты.

Маңызды іс-шараны Ресей Федерациясының сауда-

өнеркәсіп палатасы, Қазақ Республикасының елшілігі, еліміздің сауда өкілдігі және ішкі сауда палатасы ұйымдастырды.

Инвестициялық пікір алмасу барысында Қазақстан мен Ресейдің ең тиімді он екі инвестициялық жобасының тұсауы кесілді. Сондай-ақ, ЕАЭО шеңберіндегі ресейлік-қазақстандық ықпалдастықтың негізгі бағыттары, бірлескен жобаларды жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен проблемалары талқыланды.

Іс-шара кезінде Арман Әлиев Ресейдегі Қазақстан елшілігінің кеңесшісі-өкілі Болат Иманбаевпен, ҚР сауда өкілдігінің кеңесшісі Дамир Әділбековпен ин-

вестиция тарту саласы бойынша, бірқатар жобаларды жүзеге асыруға ниетті бизнес өкілдерін тартуға қатысты әңгімелесті.

Сонымен қатар, ресейлік "Бірлескен машинақұрылысы зауыты" компаниясының және "Газпромбанк" АҚ өкілдерімен екі жақты кездесу өткізді. Онда Қостанай облысының тау-кен өндірісі саласындағы жобаларды бірлесіп жүзеге асырудың мүмкіндіктері қарастырылды.

Құрылыс саласы бойынша ТМД-дағы жетекші компаниялардың бірі – "РЕКОН" Компаниясы Тобымен өзара қарым-қатынастық мүмкіндіктері және сараланды.

● ДЕРЕК

Халықтың көші-қоны

2015 жылғы қаңтар-желтоқсанда облыс халқының көші-қоны келесі деректермен сипатталды: 2014 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда келгендер саны 9,9%-ға, ал кеткендер саны 3,9% -ға артты.

2015 жылғы қаңтар-желтоқсанда көші-қон үдерісіне 57555 адам тартылды, бұл 2014 жылғы сәйкес кезеңнен 6,7%-ға артты.

Келгендер саны – 28121 адам, кеткендер – 29434 адам, көші-қондық кему 1313 адамды құрады.

Облыстың халықаралық көші-қон алмасуы, негізінде, ТМД мемлекеттерімен болды. ТМД елдерінен келгендер және сол елдерге кеткендер үлесі тиісінше 95,9% және 90,3%-ды құрады.

**6 сатылы
ФИЛЬТР**

**Жеткізу, орнату
және қызмет
көрсету ТЕГІН**

«Аква-Сила КЗ» компаниясы әр отбасыға арналған су тазартқыш фильтрлерін ұсынады

- Таза су
- Отбасылық бюджетті үнемдеу
- Пайдаланудағы қолайлылық
- Екі жыл көпілдік

тел.: 8 701-190-66-74, 8 705-717-66-66

www.aqua-sila.kz

100
80
60
40

100
80
60
40

100
80
60
40

Синий
Красный
Желтый
Черный

● БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

...Кіндігінен жараған жорғадай "Nissan Patrol" күре жолда заулап келеді.

Ақпанның қылаулай жауған қары бірте-бірте үдей түсіп, соңы қарлы боранға ұласты.

Салонның артқы жұмсақ креслосында отырған — Мәкең. Мәкең астаналық ірі фирма президентінің оң қолы, көмекші-кеңесшісі. Бастығының қиыр жайлап, шет қонған ауылда тұратын ата-анасына ақшалай қаражаты мен сәлем-сауқа-



Ақпанда

тын жеткізіп беруге шыққан беті. Фирманың облыстағы филиал жетекшісі Дәкең бастығының көмекшісін әуежайдан табанын жер иіскетпей мейманханадағы VIP залының арнайы жайылған дастарқаннан "Джек Дэниэлс" вискиінен екеуін бітіріп шыққан. Жол болса ұзақ. Үш жүз шақырым. "Күн мынау қақап тұр. Тоңбай баруымыз керек, Мәке!" — деп қолқалағаннан кейін әлгі "Джектен" бастырмалата басыңқырып жіберіпті. Мәкең мен Дәкең көлікке масайраған күймен отырған. Тек алдыңғы жүргізушімен қатар орындықтар арық қатқан қара шал ғана, бар-жоғы елеусіз, тым-тырыс..

Екі жүз шақырымдай жүргеннен соң асфальт түгесіліп жайдақ жолға түсті. Сол-ақ екен, қарлы боран енді толассыз үйіріп соқты. Барған сайын қарға адым жер көрінуден қалды. Айнала-ны көрпілдек қар көміп жатыр. Қас қарайып кеткен. Бір уақытта күймедей көлік белге ұрған жыландай сылақ түсіп тоқтады да қалды.

— Жеттік, — Шофер жігіт басын шайқай берді. — Қайда келдік, енді қалай жүреміз, во-обще, непонятно!

Астаналық Мәкеңнің манағы жайсаң күйінің берекесі қаша бастаған-ау, Дәкеңе қайта-қайта жыланкөзденді. Дәкең болса қадірлі қонағының жайсыз халінен қысылып, жолды неге білмейсің, неге жақсылап сұрап алмағансың деп шоферді күстөналады. Ол болса үріккен тананың көзіндей болып құдайдың күнін көрмейсіз бе дегендей мөңтеңдеді. Оның үстіне "Ниссанда" кеткен өші бардай сырттан қара боран дүңкілдете сабауын үдетіп барады. Көк дауыл. Осылай отыра берсе, жанармай таусылып, көлік суып, іс насырға шабары анық. Бір сағаттай өтті, көліктегілер енді шынымен-ақ қатты састы. Иен далада боранға үсіп, арам қатуы өбден ықтимал. Көліктегі үшеуінің көзінде — сұмдық үрей. Құты қашқан. Тек алдында отырған күйі күндікке тіс жармаған қайыс қара шал ғана сабырлы, ойлы пішінде. Терезеден сырттағы боран саябырсығандай көрінді. Кенет қара шал үстіндегі тонының омырауын түймелеп, құлақшынын мильқатта түсіріп, құлақ бауын тас қып байлады.

— Есікті аш!

Шал тысқа шыққанда қылаудай із, бедер-белгі жоқ айнала әшпақ дөңгеленген аққұба дүние. Қарлы боранның манағы екпіні басылыпты, даладағы қардың бетін баяу ғана сипалай сыпырып жатыр. Шал алға жиырма бес қадамдай жерге дейін қарды омбылай, адымдап кешіп барды да тоқтай қалды. Пимасымен өзі тұрған жердің қарын арши бастады.

— Мына шал көр қазатын жер іздеп жатыр ма? — Мәкең мұнысы несі дегендей Дәкеңе сыздана қарады.

— Бұл шал кім өзі?

— Менің қайын ағам, төрінен көрі жуық, жүрген бір бейшара. Әлгі ауылда жалғыз көзі тірі нағашысын бір көріп қайтсам деп жалынып болмағасын... әрі келіңіз айтқасын... ке-шіріңіз, қазір мен тез ертіп әкелем, — деп, тісі-тісіне тимей дірдектеп отырған Дәкеңнің жаны шығып кете жаздап, сырт-қа шығуға ұмтылды. Сөйткенше болған жоқ, шал да көлікке қарай кері қайтып келеді екен.

— Болды енді, жамандық шақырып, мүрде іздегенің қай сасқаның?!

Шал күйеу баласына бұрылып та қарамады. Келген бетте кабинаның есігін нығыздай жапты да, шоферге:

— Қарағым, ана мен барған жерге қарай бұрыл да, тура жүр. Сол бағыттан тоқтамай абайлап тіке тарта бер, — деді де өзі қолымен нұсқап көрсете бастады. Шалдың далада шыққаны үшін бас салып ит терісін басына қаптауға аптыққан Дәкеңді Мәкең қолмен тоқта, үндеме деген белгі берді. "Ниссан" шалдың айтуымен жүріп барады. Жолсыз даланың шамалы кедір-бұдырына күшті көлік қинала қоймады. Қарды қақ тіліп, алға қарай қозы-көш жер ұзады. Бір уақытта алыстан болар-болмас шам көрінгендей болды.

— Әне, жарық, әне жылт-жылт етті! — Шофер қуанғанынан құлақшынын атып ұрды. Жүрген сайын алдағы жылтылдаған жарық көбейе түсті. Бұл ауыл шеті болатын. Күні бойы жанын шүберекке түйіп келген үшеу, ауылға кіре бергенше, шыдай алмай шалды бас салды.

— Шал, сен айтшы, қалай білдің?

Шал үн-түнсіз қалтасынан бір қураған шөпті алып шығып: "Бисмиллахи-ир-рахман-ир-рахим! Мен келдім әр нәрсеге, адыраспан, Атыңды қойған екен Омар, Оспан. Бисмиллахи-ир-рахман-ир-рахим!" деп барып, өсімдіктің сағағына қолын тигізді де:

— Бұл адыраспан деген шөп. Көбіне сулы жерге, құдықтың маңайына, ел қонған жерде өседі. Мен қарды аршығанда шөптерді аршып қарадым. Адыраспанды жағымсыз ісі мен сабағынан-ақ бірден таныдым. Бірер адым жүріп тағы аршып көріп ем, өскен бағытын байқадым. Онымен аралас саздау жерде өсетін күреңсе шөп те бар екен. Көп ұзамай-ақ ауылдың бар екенін, қай тұста екенін айтқан, осы адыраспан.

Үшеуі басы салбырап не дерін білмей үнсіз қалды.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Жер кадастрын жүзеге асыру әлі де тиімді болмақ

Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Қостанай облысы еліміздегі жер көлемі үлкен өңірлердің бірі екені белгілі. Жалпы аумағы 19 млн. 599,5 мың га құрайды. Оның ішінде 18 млн. 129,7 мың га алқабы ауыл шаруашылығына тиесілі.

Бұл турасында облыс әкімдігінде өткен аппарат мәжілісінде Қостанай облысында жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығының жетекшісі Жәнібек Ерсұлтанов баяндады. Ол ғылыми өндірістік орталықтың қаржы-шаруашылық қызметі жайында мағлұмат беріп, былтырғы жылы атқарылған жұмыстарына егжей-тегжейлі тоқталды.

Оның айтуынша, қазір жер қатынастарының маңызы күн өткен сайын арта түсіп, үнемі дамуда екен. Елдің экономикалық өсуінің барлық кезеңдерінде ең ауқымды талап болып жерлерді ұтымды пайдалану мен оларды қорғауды ұйымдастыру басты назарға алынып отыр. Соның негізінде жерге орналастыру және мемлекеттік жер кадастрын жүзеге асыру аса зор рөл атқарады.

– Қазақстан Республикасы

Үкіметінің шешімімен жер ресурстарын пайдалану мен мемлекеттік жер кадастрын және жерге мониторинг жүргізуге "Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы" құрылып, әр өңірде оның филиалдары ашылды, – дейді Жәнібек Сапарғалиұлы.

Біздің өңірдегі филиал бүгінде қыруар жұмыс тындырып та тастапты. Қазірдің өзінде кәсіпорында қаржыландырудың екі көзі бар. Олар: республикалық әрі жеке және заңды тұлғалардың қызметімен жүзеге асырылады.

Мәселен, былтыр кәсіпорын 685 млн. теңге пайда түсіріпті. Бұл өңір басшысы Архимед Мұхамбетовтің пікірінше жақсы көрсеткіш.

– Мемлекеттік органдардан түскен сауал бойынша 250 мың жер кадастры тіркелген, – деді Жәнібек Ерсұлтанов. – Соның ішінде "Мемлекеттік кіріс басқармасынан" 212193, ал, басқаларынан 37807 құжат анықталды.

Өңір басшысы осы тұста жер кадастры жұмыстарын атқарғанда оның бағасына да көңіл бөлді.

– Былтырғы жылы кәсіпорын келісім шарт негізінде 72% іс орын-

дап, яғни, 492 млн. теңге артық қаржы түсірген. Биыл да солай болып қалуы да ықтимал ғой. Ал, қызмет құны қанша болмақ? Мүмкін көтеріле ме бағасы? – деді Архимед Бегежанұлы.

– Бізде қызмет құны өскен жоқ. 2015 жылғы 27 наурызда Ұлттық экономика министрлігі бекітіп, Әділет министрлігінде тіркелген бағамен жұмыс істейміз, – деп Жәнібек Сапарғалиұлы жауап берді.

Облыс әкімі бұл жайында неге тоқталып өткенін де айтты. Себебі, өңірдің солтүстік пункттерінде газ тарту керек екен. Соған энергетика басқармасы көңіл қойып отыр және басқа да басқармаларға да қатысты.

Қазір кәсіпорында 225 білікті маман жұмыс істеуде. Барлық құрал-жабдықтары мен технологиялары да жаңартылыпты.

Қостанай облысында жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы жұмыстарына көңілі толған Архимед Бегежанұлы кәсіпорын басшысына алдағы уақытта жоспарланған жер ресурстарын тиімді пайдалану мен жер кадастрын тіркеуге байланысты кейбір тапсырмалар жүктемді.

● САЙЛАУ – 2016

Маңыздылығын түсіндірді

Гүлназым САГИТОВА

Үстіміздегі жылдың 20 наурызында ел Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығына сәйкес, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының және Орталық сайлау комиссиясының қаулысы бойынша барлық деңгейдегі жергілікті мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді. Осы маңызды зор саяси науқанды қолдау мақсатында Қостанай қаласындағы №2 емханада облысымыздағы іскер әйелдер қауымдастығы кездесу өткізді.

– Осы шараның басты мақсаты наурыз айында өткізілетін ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының және барлық деңгейдегі жергілікті мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы еліміздің, облысымыздың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуында үлкен рөл атқаратындығын, сол секілді сайлаудың кезектен тыс өтуі дер кезінде болып отырғандығын, сондықтан да облыс жұртшылығы сайлауды қолдай отырып, белсенді түрде атсалысуы қажет. Міне, осы мәселелерді облысымыздың жұртшылығына жан-жақты түсіндіруіміз керек. Еліміздің әрбір азаматы саяси мәні бар науқанға бей-жай қарамауы тиіс, – деді іскер әйелдер қауымдастығы төрайымының міндетін атқарушы З.Көшкімбаева.

Кездесу барысында Қостанай әлеуметтік білім беру колледжінің директоры, филология ғылымдарының докторы М.Қадыралинова, облыстық мемлекеттік, банк мекемелері және қызметкерлері



кәсіподағының төрайымы Р.Файсенова, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың профессоры, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының сараптама кеңесінің мүшесі Л.Саркисян, "Еуразиялық банк" АҚ Қостанай филиалының директоры Қ.Жаңбыршина, Қостанай қалалық мәслихаттың депутаты М.Бут сөз сөйлеп, ойлары мен пікірлерін білдірді, алдағы өткізілетін ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының және барлық деңгейдегі жергілікті мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы облыс, ел тарихында өзіндік мәні бар екендігін, әр азамат жауапты науқаннан тыс қалмай, дауыс бере отырып, сол дауысы арқылы мемлекетіміздің келешектегі дамуына өздерінің үлестерін қосатындықтарын жеткізді.

СУРЕТТЕ: кездесуден көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Үміткер анықталды

"Нұр Отан" партиясының Қостанай облыстық ұйымдарында жергілікті мәслихаттардың депутаттығына кандидаттыққа үміткерлерді анықтау жөніндегі ішкі-партиялық праймериздер өтуде.

Қостанай қаласы З.Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің Студенттер сарайындағы 128 партия мүшесі бас қосқан сайлаушылар жиынында №3 Уәлиханов сайлау округі бойынша Қостанай облыстық мәслихатының депутаттығына кандидаттыққа үміткерді анықтау бойынша ішкі-партиялық праймериз өткізілді.

Бұған дейін партияның бастауыш партия ұйымдарында ұсынылған екі үміткер – 2009 жыл-



дан "Нұр Отан" партиясының мүшесі, Қостанай политехникалық колледжінің директоры Доцанова Алма Іргебайқызы мен 2011 жылдан "Нұр Отан" партиясының мүшесі, сол ұжымның оқытушысы Брагинец Александр Петровичтың кандидатуралары

таразы басына түсті.

Үміткерлер өздерінің сайлауалды бағдарламаларымен таныстырып өткеннен кейін шығып сөйлеушілер үміткерлерге мінездеме беріп, олардың қызметтері мен партиялық міндеттерін орындаудағы табыстарын мәлімдеді.

Жиын үстінде көпшіліктің көзінше қақпағы мөрленіп жабылған жәшікке комиссия мүшелерінен берілген бюллетеньдерді салу арқылы дауыс беру үдерісі өтті.

Ішкіпартиялық праймериз қорытындысында басым дауыс жинаған үміткер А.Доцанова жеңіске жетіп, облыстық сайлау комиссиясына тіркеуден өту үшін құжаттарын дайындауға кірісті.

Бармасаң, келмесең – жат боласың

1-бет Келесі күні Қазанда, Татарстан Республикасының инвестициялық даму Агенттігі алқасының отырысы өтті. Бұл шара барысында да инвестициялық мүмкіндігі жоғары өңірлердің әлеуетін арттыру, инвестиция тарту жөнінде тәжірбие алмасылып, өзара ықпалдас-тыққа қатысты жан-жақты әңгіме өрбіді.

"Тобыл" ӘКК мен Татарстан инвестициялық даму агенттігі индустриалдық-инновациялық даму саласындағы қарым-қатынастық туралы Меморандумға қол қойды. Маңызды құжатта екі ел арасындағы инвестициялық байланыс, өңірлерді индустриалдық-инновациялық дамыту жағын ұйымдастыру және қажетті мамандарды бірлесіп әзірлеудің алғы-шарттары көрсетілген. Біздің облысқа инвестиция тарту мақсатында "Алабұға"

маңызды экономикалық аймағында шыны өнімдерін шығару жобасын қолға алған "TRAYA GLASS RUS" ААБ Бас директорымен бірқатар мәселелер талқыланды.

"Тобыл" ӘКК өкілдері Ресейдегі жылыжай дақылдарын өсіруге арналған ең ірі кәсіпорын – Осинавадағы "Майский" жылыжай комбинатында болып, өндіріс ошағының басшысы Ильшат Ганиевпен өзара тәжірбие алмасып, одан арғы әріптестік байланысты нығайтуға қатысты мәселелерді саралады.

Сондай-ақ, облыс делегациясының Иранға сапарының алдында, Қазандағы Иран Ислам Республикасының бас коньсулының міндетін атқарушы Мохсен Фаганимен екіжақты экономикалық байланысты күшейтуге қатысты кездесу өткізілді.

"Тобыл" ӘКК жанынан жаңа ұйым ашылды

**Әлібек
ЫБЫРАЙ**

Үстіміздегі жылдың қаңтарынан бастап облыста мемлекеттік-жекеменшік қарым-қатынас орталығы жұмыс істей бастады. Бұл орталық бизнес пен мемлекеттік органдардың түрлі жобалар бойынша өзара ықпалдасып жұмыс істеуіне тиімді жол ашады. Жаңа ұйымға жүктелген тағы бір міндет – мемлекеттік-жекеменшік қарым-қатынас мәселелері бойынша ақпараттық-түсінік беру

жұмыстарын жүргізу, әртүрлі кестер беру.

Орталық қызметіне консультативтік қолдау көрсету, тұжырымдаманы сараптамадан өткізу, жергілікті жобалардың келісім-шарттары мен конкурстық құжаттарын әзірлеу, сондай-ақ, бюджеттік инвестициялық жобалардың негізінде қаржылық-экономикалық және техникалық-экономикалық сараптамалар жасау жатады.

Бүгінде орталық бизнеспен арадағы ықпалдас-тық аясында облыс әкімдігімен бірлесіп, бірқа-

тар жобаларды жүзеге асыруға ниетті. Оған денсаулық сақтау саласы бойынша 5 жоба, білім саласы бойынша 8 жоба, тұрғын үй құрылыс саласы бойынша 3 жоба және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша 2 жоба енгізілген.

Тың жобалар мұнымен шектелмек емес. Басқа да өтініштер түскен жағдайда әлі толықтырыла түсуі ықтимал. Мемлекеттік-жекеменшік қарым-қатынастық орталығына хабарласу үшін 54-14-27, 53-29-83 телефондарын ұсынамыз.

ІІД бастығы тұрғындарды қабылдады

**Шұға
ҚОҢҚАБАЙ**

Облыстық ІІД бастығы Тілеген Мәткенов ведомствоның өзінде ғана емес, аудандарға да барып азаматтарды қабылдауда. Шалғайдағы Жанкелдин ауданының ішкі істер бөлімінде өткен қоғамдық қабылдауға бес адам жеке сұрақтарымен келіпті. Сондай-ақ, департамент бастығы жеке құрамға жергілікті полиция қызметінің алдына Ішкі істер министрлігі қойып отырған негізгі міндеттерді қадап айтты.

Облыстың бас полицейімен бірге "Нұр Отан" партиясының өкілдері, аудандық ішкі істер бөлімінің басшылығы да қатысты. Қабылдауға келгендер арасында Кейкі ауылынан зейнеткер Өмірзақ Саматов та бар. Зейнеткерді баласының ҚР ІІМ Қостанай Академиясына оқуға түсуі үшін не істеу керек деген сұрақ қызықтырды. Алдағы уақытта оның ұлы Сағынәлі орта мектепті бітіреді, ол өзінің өмірін полиция қызметімен байланыстырғысы келеді екен.

Мұнан кейінгі сауалды "Нұр Отан" партиясының Жанкелдин ауданындағы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Рәуіл Ахметжанов қойды. Ол ішкі істер органы жүйесіндегі соңғы өзгерістер туралы сұрады.

Облыстық ІІД бастығы Тілеген Мәткенов жергілікті полиция қызметінің негізгі мақсаттарына тоқталып, соңғы уақытта өзгерген заңнамалар туралы айтып берді:

– Біздің мемлекетімізді дамыту үшін жаңа



құқықтық орта қалыптастыру үшін өткен жылы 59 заңнама күшіне енді. Биыл "ҚР мемлекеттік қызмет туралы" және "ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы" жаңа заңдар күшіне енді, – деп атап өтті Т.Мәткенов.

Генералдың сөзінше, мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа кезеңі басталды. Мемлекеттік қызметкердің этикалық кодексі дайындалды, деді.

Сондай-ақ, Жанкелдин ауданының тұрғындары атынан түскен Алғыс хаттарға байланысты бірқатар полицейлердің аты атап өтілді. Бұл жолы қоғамдық қабылдауға төртіп сақшыларына алғыс айтуға келген тұрғындар да болды.

Жанкелдин ауданының тұрғындарына жергілікті полиция қызметінің бастығы Алмаз Тұрмат тағайындалып, таныстырылды.

Жанкелдин ауданы.

ПАЛУАНДАР біріншілігі қалай өтті?

1-бет 69 келінің мықтысын анықтаған осы белдесуде аз ғана басымдықпен Мәжитов жеңіске жетті.

Ауыр салмақтардағы күресте Алматы қаласы спортшыларының бағы жанды. 85 келіде Абылай Совет керекулік Ефим Труштың жауырынын жерге тигізсе,

абсолюттік (100 кг) салмақта Әлішер Ерғали Алматы облысынан келген Әділ Ботабекті жеңді.

Қостанай қаласының намысын қорғаған жас палуан Рахат Мүкібаев "алтын" алса, тағы бір жерлесіміз Тагир Авгумбаев үздіктер қатарын толықтырды. Оның нәтижесі – "қола" жүлде.

Екі күнге созылған турнир барысында қостанайлық палуан қыздар да жақсы өнер көрсетті. Атап айтсақ, Виолетта Семенюк – "алтын", Алиса Заднепрная мен Ботагоз Есенғалиева – "күміс", Альбина Күлесова мен Әйгерім Беркенова – "қола" медальді еншіледі.

Тобыл - Торғай тынысы

Жәрдемақы көлемі – 30,9 млрд. теңге

Облыста. 2016 жылы республикалық бюджеттен бала тууына байланысты және оның бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне төленетін жәрдемақыларға 68,2 млрд. теңге бөлінді. 2016 жылы республикалық бюджеттен бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақыға 30,9 млрд. теңге, бала күтімі жөніндегі, ол бір жасқа толғанға дейін төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыға 37,3 млрд. теңге қарастырылып отыр.

Көмектен қағылуы мүмкін

Қостанай қ. Үйлеріне жылу есептегіш орнатқан қостанайлықтар тұрғын үй көмегінен айрылуы мүмкін. Көмек алу туралы ережедегі енгізілген өзгерістерде осындай норма қарастырылған. Енді тұрғын үй көмегі тоқсан сайын беріледі. Көптеген қостанайлықтар тұрғын үй көмегінің көлемі қысқартылатыны немесе ол мүлдем төленбейтіні туралы ескерту хат алды.

Үй өртеніп, иесі ішінде қалды

Қарабалық. Станционный ауылында үй өртеніп, шыға алмай қалған 43 жастағы азаматша тілсіз жаудың құрбаны болды. Аудандық ТЖБ мәлімдеуінше, қайғылы оқиғадан бұрын баспананың жылыту құбырлары мұздап қатып қалған. Үй иесі құрбысы екеуі жібітудің амалын іздеп, пеш қазандығын тұтатуға тырысқан. Бірақ бұл әрекеттері кері әсер беріп, қазандық жарылып кетеді.

Жол апаты жиіледі

Облыста. Прокуратураның мәліметі бойынша 2015 жылы өңірде жол апаттары азайған. Дегенмен қоғамдық көліктердің қатысуымен апаттар саны артып келеді. Әрі оларда қаза тапқандардың саны көп. Мәселен 2014 жылы автобустардың жол апатынан 2 адам қаза тапса, 2015 жылы қаза тапқандар саны 6-ға жетті. Прокурорлардың айтуынша, жол-көлік апаттарының басты себептерінің бірі – жүргізушілердің жауапсыздығы. Тағы бір фактор есебінде автокөлік жолдарының құрылысы мен сапасыздығын атап өтуге болады.

Түрмеге қамалды

Қамысты. Аудандық сот 38 жастағы Жайылма ауылының тұрғынына қатысты үкім шығарды. К.Малышев мас күйінде өзінің танысынан әйелін қызғанып, жұбайына пышақ сұғып алады. Есін жиған күйеуі тез арада жедел жәрдем қызметін шақырып үлгереді. Уақытылы көмек көрсетудің арқасында әйелі аман қалған. К.Малышев өз кінәсін мойындап отыр. Ол сот үкімі бойынша 3 жыл, 6 ай көлемінде бас бостандығынан айырылды.

Қала ішінде түлкі жүр

Рудный. Тұз тағысының қала көшелерінде емін-еркін жүргенін рудныйлықтар бейнетаспаға түсіріп, әлеуметтік желілермен таратып жіберген көрінеді. Сонда жарияланған пікірлерге қарағанда, көшедегі түлкіні көргендер көп. Қалалықтар түлкі балаларға шаба ма деп қауіптенеді. Жергілікті аңшылық және балық аулау қоғамының жетекшісі С.Куракиннің айтуынша, түлкі лицензияланған аңға жатады. Заңға сай, оны атқан адам жауапқа тартылуы мүмкін. Бюрократиялық былыққа байланысты, түлкінің қашан ұсталатыны әзір белгісіз.

Марапатқа лайық жандар

Арқалық. Белгілі қолөнер шебері, оюшы Шөптібай Байділдинге Қазақстан халқының бірлігін қоғамдық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайтуға қосқан лайықты үлесі үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының құрмет грамотасы, Арқалық қалалық тілдерді оқыту орталығының директоры Б.Қалмағанбетоваға Қостанай облысы бойынша мемлекеттік тіл саясатын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін, "Бірлік К" ЖШС басшысы Қ.Мұқашевқа мерейлі 60 жасқа толуына байланысты облыс әкімінің құттықтау хаты табыс етілді.



Заречныйдың іргесіндегі солтүстік шағын ауданының тұрғындары қыс басталғалы қалың қардан көз ашпай келеді. Оның үстіне үздіксіз соққан боран да тұрғындарды әбден титықтатқан. "Табиғаттың мінезіне шара жоқ" деп қарап отырған ауыл әкіміне де жұрттың өкпесі қара қазандай. Жол шетіне қалдырылған көліктер – Қостанайға небәрі бес шақырым жердегі заречныйлықтардың қыс бойғы тыныс-тіршілігі осы. Боранда тұрғындардың берекесі тіптен қашады. Ауылға кіретін күре жолдан бастап барлық көше күрткі қар, көлік түгілі жаяу адам аяқ алып жүргісіз.

Төрт жыл өтсе де, тұрмыстары оңалар емес

Қостанай ауданының Заречный ауылына қарасты солтүстік шағын ауданы осыдан төрт жыл бұрын бой көтерген болатын. Бірақ, іргеде жатқан ауылдың жағдайы әлі күнге дейін түзелмей келеді. Жарық жеткенімен, көп үйге ауыз су, газ тартылып, көшелеріне жол төселмеген. Өркениеттен ада. Соның ішінде ауыл тұрғындары күні бүгінге дейін жол азабын бір кісідей-ақ тартып отыр. Әсіресе, ауылдың орталық бөлігін байланыстыратын жалғыз жолды қыста қар басып, көктемде



су тасып, тұрғындарды әбігерге салатын көрінеді. Жолдың машақатынан бұл ауылға автобус, такси, тіпті жедел-жәрдем де қатынамайды екен. Былтыр қар суынан аққан қызыл су ауылдықтарды әбден тығырыққа тіреді. Ағын судың қарқыны ауыл арасындағы жолдарды шайып, соның салдарынан осы ауылдағы жиырмадан астам тұрғын үй қызыл судың астында қалған еді. Абырой болғанда, төтенше жағдайдан ешкім зардап шеккен жоқ. Былтыр күзде осы мәселені шешу мақсатында ауыл сыртында үлкен бөгет салыныпты. Сондықтан, ауылдықтар бұл проблеманың биыл шешімін табатынына үмітті.

Екі аяқты бір етікке тықтырған биылғы қыс заречныйлықтардың да көкесін көзіне көрсетуде. Соңғы екі-үш жылда жаумаған қар бір айдың ішінде 1 метрден астам биіктікпен басып қалғанда, ел не істерін білмей шошыған. Қаңтардың аяғында соққан бораннан ауылға қатынайтын жол жабылып, халық құрсауда қалған еді. Ауыл тұрғыны Жасұлан Күзенбаев ауылдастарының жол мәселесін елденеше рет көтергенін айтады:

– Жақында болған бораннан жол төрт күн бойы аршылмады. Әкімдікке бірнеше рет қоңырау шалғанымызбен, еш нәтиже шықпады. Көліктерімізді жол жиегінде тас-

тап кетуге мәжбүр болдық. Төрт күн бойы айдалада жатты. Велосипед емес қой, тастап жүре беретін. Біреу-міреу тонап кетсе, астымыздағы жалғыз көлігіміздің шығынын кім өтейді? Ауыл тұрғындарынан қауіптенбейміз ғой, себебі ауыл іші тыныш. Тек, сырттан келіп көлігімізді тонап кете ме деп төрт түн бойы көз ілмедік. Қар жауып, боран соқса болды, жол жабылып, жүйкеміз жұқарып бітеді. Көктем кезінде де солай, жолдарды су басып, батпақтың кесірінен әуре-сарсаңға түсеміз. Біздің бар тілегіміз, тек боранды күндері жол уақытылы аршылса екен.

Иә, жол мәселесі – бұл ауыл үшін бөлек әңгіме. Солтүстік шағын ауданның бастапқы көшелері мен мектепке дейінгі жолға ғана тас төселген. Ал, ипподромнан басталатын жолдың да оңып тұрғаны шамалы. Қыста қалың қардан, ал жаз-көктемде жауын-шашын болса, адам аяғын алып жүре алмайтын мибатпаққа айналады. Осындай кездері қала түгелі, мектепке барар қатынас қиындайтын көрінеді. Іргедегі ауылдықтардың бүгінгі халі осы.

Ариман ШОТАРБАЕВ, мектеп оқушысы:

– Жол азабын әсіресе көктем мен қыс кездерінде тартамыз. Осы жолдың кесірінен сабақты да жиі қалдырамыз. Борандарда жол жабылып қалса, дер кезінде тазаламайды. Мені әкем көлігімен тасиды. Ал, жаяу қатынайтын оқушыларға тіпті қиын. Автобус жүрмейді, жаяулап қыста қалың қарды омбылап, көктемде қызыл суды көшіп, мектепке қатынап жүргендері. Кейбір сыныптастарым ауылдың ана шетінен келіп қатынайды, автобус шығарылса, сәл де болса бұл мәселе шешімін табады еді.

Ауылдықтар ауыз су мәселесіне де алаңдаулы

"Ауыз сусыз" деу, айтқан ауызға ғана оңай. Шындап келгенде, бұл ауылда алты ай қыс, алты ай жазда су болмайды. Өздері тасып ішіп отыр. Өз қаражаттарына ұңғыма қазып алғандар да бар, бірақ жер астынан шыққан су әр жерде әртүрлі. Тұщы суға қарық болғандары сусыз отырғандарға бір флягасын 40 теңгеден сатып табыс қылуда. Күніне пәлен фляга су сатып алып отырған ауыл тұрғыны Нұргүл Қайыпхан үйімізге кіргізіп бермесе де, ауыл арасына су құбырларын өткізіп берсе екен дейді:

– Жолдың жыры бір басқа. Бізде бұдан өзге әлеуметтік мәселелер де бар. Әсіресе, ауыз су мәселесі. Қолымызда ұстап отырған азын-аулақ малымыз бар. Оларды суару да оңайға түспей отыр. Зареч-

ныйдан тасып ішіп отырмыз. Шыны керек, осы жерде тұрып көрмеген адамға жол мәселесі ертегі сияқты. Білесіздер ме, соңғы рет соққан бораннан жол төрт күн



бойы тазаланбады. Қалада жол тазартушылар күні-түні жұмыс істейді емес пе, біздегілер де ең болмағанда боранды күндерден кейін басып қалған қарды дереу аршыса ғой. Сондай кезде не су өкелуге, не дүкенге, тіпті қарға адым жер шығу мұң болып қалады. Қалаға қатынайтын төте жол бар еді, оны да дер кезінде аршымағандықтан қазір қалың қар басып тастады. Жаяулап жүріп, трассадағы аялдамаға жарты сағатта өрең жетеміз. Үйде сексеннен асқан өнем бар. Өнемнің қан қысымы екі күннің бірінде көтеріліп кетеді. Боран соққан кезде жедел-жәрдем қызметін қалай шақырамыз деп иманымызды үйіріп отырғанымыз. Әйтеуір, өткен жылдың аяғында ауыл көшелеріне жарық берілді, оның өзі басында бір жанып, бір сөніп, халықты мазақ қылғандай болып еді, тіл көзіміз тасқа, қазір таңертең және кешке көшелерде свет жанып тұр.

Әкім ауылдастарының сөзін жоққа шығарды

Жұрттың жанына батқан әлеуметтік мәселелерден жергілікті атқамінерлер де хабардар. Бірақ олар солтүстік шағын ауданның жағдайы анау айтқандай жаман емес дейді. Себебі, былтыр ауыл шетінен үлкен бөгет салынған. Бұл мақсатқа 100 млн. теңге жұмсалыпты. Дегенмен, көктем мезгілдерінде ауылды су басу қаупі анағұрлым сөйілгенімен, биыл қар қалың түсті, шамадан екі есе көп. Осыған орай, ауыл әкімі де оны дер кезінде көрерміз деп отыр. Ал, ауылдастарының жоғарыда көтерген проблемасын ауыл әкімі жоққа шығаруда.

– Елбасы тапсырмасы бойынша жақында ғана жиналыс өткіздік. Сонда тұрғындар тарапынан осы мәселелер көтерілді. Алайда, бірінші кезекте қоғамдық көліктердің жүретін жолын тазарта-

мыз. Мысалы, түні бойы боран соқса, таңертең ертемен техника шығып, тазалайды. Сосын бірінші кезекте автобустар мен адамдар жүретін жолдар қардан аршыла-

ды. Қандай жағдай болса да, жедел жәрдем, төтенше жағдайлар қызметі жүре алатындай етіп бір ізбен аршып аламыз. Сөйтіп, бір ізбен бүкіл ауылды тазалаймыз. Өйткені, ауыл үлкен. Бізде жол болмай қалған күндер болған жоқ. Содан кейін күн ашылғаннан кейін бүкіл көшелерді кеңейтіп аршимыз. Кейде боран болып тұрғанда кейбіреулер үйлеріне жете алмайды, болмаса жұмысқа бара алмай жатады. Осындай кезде олар далада қалдық деп ашуланып әкімдікке қоңырау салады. Күн боранда көз көрсетпейді ғой. Ондайда техника да шықпайды. Өйткені, көз көрсет-

пейтін борандарда жолдағы кісіні соғып кетуі мүмкін. Ал, жеке автокөліктер, тұрғын үйлер маңайын аршу біздің құзіретімізге жатпайды. Биыл қардың жиі жаууынан тек солтүстік шағын ауданы ғана емес, осы маңайдағы кейбір көшелерді қар басып қалып жатыр. Сондай кезде халыққа түсіндіріп айтамыз, – дейді Заречный ауылының әкімі Қалыбек Жұмашев.

Ал, ауыл ішіне дейін автобус шығаруға жергілікті билік қауқарсыз болып шықты. Әкімнің сөзінше, Заречный тұрғындарын "ТТС" компаниясына тиесілі 102 маршруты, сондай-ақ, "Сапар" ЖШС-не қарасты 101 автобусы тасымалдайды. Олардың өздерінің арнайы жол жүру кестесі бар. Жиналыста осы мәселе де көтеріліпті. Жергілікті әкімдік оларға жол жүру кестесін ұзарту туралы өз тараптарынан ұсыныс та жасапты. Сондықтан, бұл проблема алдағы уақыттың еншісіне қалдырылып отырған көрінеді.

Ал, іргедегі ауылдың газ бен су мәселесін шешуге келгенде жергілікті бюджет сараңдық танытып отырған көрінеді.

– Бұл мәселе де былтыр көтерілген болатын. Алайда, солтүстік шағын ауданына газ бен судың жобасы жасалған. Бірақ әлі жергілікті бюджеттен қаржы бөлінген жоқ. Әзірге бұл мәселе белгісіз. Жоба бойынша 2 балабақша салу жоспарда бар. Оның да салынуы қаржыға байланысты болып отыр. Ауылда жаңадан салынған қазақ мектебі бар. Оның жанынан шағын орталық ашылған. Сондықтан, әзірге балабақшаға деген қажеттілік жоқ, – дейді ауыл әкімі Қалыбек Жұмашев.

Заречный ауылы, Қостанай ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: ауыл тіршілігінен көріністер.



● БІЛІМ – МӘҢГІЛІК ҚАЗЫНА

"Аталар жолымен, ағалар ізімен"

Міне, осындай тақырыпта Мәриям Хакімжанова атындағы Щербаков орта мектебінде қазақ халқының ұлы ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің туғанына – 175 жыл толуына орай әдеби кездесу өтті.

Кездесуге Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры Серікбай Оспанов және осы институттың құрметті профессоры Қуаныш Орманов ағаларымыз қатысты. Кездесудің мақсаты – Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығын өскелең ұрпаққа тереңірек таныстыру, өлең құдіретінің қасиетін ұғынуға тәрбиелеуге бағытталды. Алғашқы сөзді ауданның білім беру бөлімінің жетекшісі Оспан Қойшығара алып, өзінің ізгі тілегін білдіріп, ақын ағаларды жиналған көпшілікке таныстырып өтті.

Жиналғандарға Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығынан сыр шертетін "Дегдар Ыбырай" және "Таным мен тағылым" атты бейнебаяндары көрсетілді, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеден Ыбырай атамиздың шығармаларымен бірге Серікбай Оспановтың "Ұлы Ұстаз ұлағаты", Қуаныш Ормановтың "Ел мен жер және тұлғалар тарихы" атты кітаптары орын алды. Ақын Серікбай Оспанов жиналған

дарға жырларын тарту етті. Туған еліне, өзі өсіп өнген ауылына деген сағымды сағынышын өлеңмен жеткізді. Қуаныш аға сұхбаттасу барысында ағынан жарылып, оқушылармен ой бөлісіп, жүрекжарды тілегін білдірді. Содан кейін кездесуге жиналған қауым Мәриям Хакімжанова шығармашылығына арналған "Өмірге өлең боп тіл қатқан" атты өлең сайысында жүлделі орындарға ие болған 7 "Б" сынып оқушысы Алла Аурика, 11 "А" сынып оқушысы Әлия Бауыржан көркемсөз, 7 "А" сынып оқушысы Баян-сұлу Жұмабекова "Туған жер" әнін, 5 "А" сынып оқушыларын дайындаған "Әке мен бала" көрінісін тамашалады. Ал, 11 "Б" сынып оқушысы Дилара Төлеп-

бергенова Ы.Алтынсариннің шығармаларына, ағартушының еңбектеріне арнаған жобасымен таныстырды.

Кездесу соңында мектеп директоры Бибігүл Сегізбаева жиналған қауымға рахметін айтып, ризашылығын білдірді. Ақын ағаларымызға Мәриям Хакімжанова бейнеленген естелік ретінде қойын дәптерін тапсырып, ілтипат көрсетті. Ақындар өз кезегінде кездесу соңында мектеп кітапханасына қолтаңбалары қойылған кітаптарын табыстады.

А. БАЙТИКЕНОВА,
қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі.

Щербаков орта мектебі,
Алтынсарин ауданы.

Бірлестіктің берері мол

Қазіргі заман талабына сай оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бағытталған іс-тәжірибе тұрақты орын алуы қажет. Оқыту үдерісі мен білім сапасы жоғары нәтиже көрсете алуын көздеу мақсатында Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының үшінші (базалық) деңгей бағдарламасынан оқып келген болатынмын. Үшінші деңгей бағдарламасында әртүрлі әдіс-тәсілдер қарастырыла отырып, сындарлы оқыту теориясы қамтылған. Ал, сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіне алуын сабақтан алған білімдерін сыныптан тыс жерде және кез-кезген жағдайда тиімді пайдалана алуын қамтасыз ету. Осындай мақсатқа жету үшін Шульманның "бас", "қол", "жүрек" деп аталатын "көмекші" болған жағдайда ғана оқыту табысты болмақ. Шульман ілімінде көрсетілген құзырлы мұғалімге тән қасиеттер – кәсіби түсінік, оқытудың тәжірибелік дағдылары және кәсіби өнегелік тұтастық болып саналады.

Теория жүзінде өтіп жатқан сабақтарым дәстүрлі сабақтың шырмауынан шығып, заман ағымына сай жеті модуль идеялары кіріктірілуде. Оқушылардан алынған сауалнамалар мен "Оқушы үні" нәтижесінде сабаққа деген ынталарының артып, өтілетін сабақтың жаңа әдіс-тәсілдері арқылы өтетінін асыға күтетіндерін айтты. Осы қуанышымды әріптестеріммен бірге бөлісу, тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік бірлестік отырысында "Қазіргі қоғам мұғалімі" атты тақырыпта семинар-тренинг өткізуді жөн деп санадым. Себебі, осы бағдарламаның да көздегені бірлескен жұмыс болатын.

Ұйымдастыру кезеңінде әріптестерімді екі топқа бөлу мақсатында "Теңіз капитаны" әдісін қолдандым. Екі топ мүшелеріне топ ережелерін құрып, постер қорғату арқылы бірлескен жұмыстың мақсатын түсінуін көздедім. Тақырыптың ашыла



түсуіне, уақытты тиімді пайдалана алуын үйретуге және оқушымен жұмысын дамытуда көшбасшы бола алуына сенімдерін қалыптастыру мақсатында екі топқа "XXI ғасыр мұғалімі нәліктен өзгеруі керек?" және "Қазіргі қоғамда мұғалімді қалай құрметтеу керек?" деген тақырыптарды постермен жұмыс жасап қорғады. Формативті бағалауда пікірталас өте тартысты өтті. Рефлексия кезеңіндегі эссе жазуда әріптестерім оқушы рөлінде болғанда өздерінің қандай әсер алғандарын және дәстүрлі сабақтарын жаңашыл заман ағымына орай Кембридж тәсілдерінің теорияларын жан-жақты игере бастағандарын, үйренетіндерінің әлі де көп екендігін айтты. Әріптестерім тәжірибе алмасу мақсатында өткізген семинар-тренинг нәтижесінде Пажарес айтқандай, оқытуда мұғалімнің сыныптағы іс-әрекетіне әдістемелік құралдар мен оқулықтан гөрі, пәннің қалай оқытылуы керек екендігіне аса назар аудару керек екендігін түсінді.

Сөзімді қорыта айтарым, әлемдегі озық тәсілдерді барынша мектеп өміріне енгізу – ұстаздар қауымының мұғалімдік парызы деп санаймын.

Гүлнұр КАРБОЗОВА,
Н.К.Крупская атындағы мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

Қабырға ауылы,
Аманкелді ауданы.

Мәртебелі мамандық иесі

Бастауыш сынып мұғалімі Күләш Тағаеваның тәжірибелі маман екендігіне сенімім мол, оған себеп – ұстаздың "Әліппемен қоштасу" ертеңгілігіне қатысқан өдім. Күләш апай жетекшілік жасайтын 1 "ә" сыныбында немерем Тілеухан білім алады. Ал, енді "Әліппемен қоштасу" ертеңгілігіне келер болсақ, сынып іші тақырыпқа сай безендірілді. Алфавиттің 42 әрпі көркем көрнекілік ретінде ілінді. Сол себепті осы шараның өте жақсы ұйымдастырылғандығын көрдім. Оқушылар тақпақтарын айтты,



өндерін шырқады, билерін биледі. Аружан Дүйсебаева мен Назерке Ерназарова екеуі "Ерке сылқым", Әсел Таңғатарова "Хабиб" биін билеп, іс-шараға келген ата-аналар мен қонақтардың ілтипатына ие болды. Шара аясында оқушылар сабақтарында мұғалім апайлары не үйреткені, өздерінің не үйренгендерін көпшіліктің назарына ұсынды, Логикалық есеп шығарып, өздерінің талаптарын көрсетті. Арнұр, Әсел сынды оқушылар Ы.Алтынсариннің "Кел, балалар, оқылық", А. Құнанбаевтың "Әсемпаз болма өрнеге" өлеңдерін жатқа оқып, өздерінің білімге деген құштарлықтарын білдірді. Мұғалім апайдың осындай елеулі еңбегіне риза болдық. Күләш апайымыздың да ұстаздық еңбегі еленіп, әлденеше рет әр түрлі деңгейдегі, мысалы, республикалық "Білім шыңы" сайысының мадақтау қағаздарына ие болды. Қарапайым жан, ұжымында сый құрметке ие. Іс-шараға қатысқан мектеп директоры Серік Мырзахметов ата-аналарға, жас шәкірттерге, ұстазға алғысын білдірді, алдағы уақытта игі жетістіктерге жете беруіне тілектестік білдірді. Ертеңгілік қызықты өтті.

Талдышаш қажы МАЙХИЕВА,
зейнеткер.

Рудный қаласы.

"Тиімді сабақ – заман талабы"

Осындай тақырыпта білім сайысы болып өтті. Сайыстың басты мақсаты – қала мектептеріндегі білім беру үдерісін жетілдіруге жағдай жасау. Сайысқа қатысушы ұстаздардың жұмысы негізінен оқытудың инновациялық технологиясымен қатар сабақ барысында қазіргі мультимедиялық оқу құралдарын да қолдана білуі тиіс-ті. Педагогтар жұмысын қазылар алқасы тарапынан он бір қағида бойынша, атап айтқанда, мақсаттылыққа жету, сабақта туындаған өзекті тапсырмаларды зерттеу, шығармашылық тәсілмен шешу, пәннің тиімді біріктірілуі, біртұтастық, өзіндік практикалық, үй жұмыстары бағаланды.

Осы сайысқа біздің мектебімізден бастауыш сынып мұғалімі Анар Жаңабай мен ағылшын тілінің мұғалімі Әлия Қазылова қатысты. Олар өз сабақтарында дүниетану, қазақ тілі және ағылшын тілі пәндерін бірі-бірімен кіріктіре отырып, сайыс тапсырмаларында оқушылардың логикалық ойлау, танымдық қабілетін дамытып, ізденіс деңгейін арттыру арқылы өздерінің инновациялық оқыту технологияларын көрсетті. Сабақтарда оқытудың әдіс-тәсілдерін ұтымды пайдалана біліп, жоғары ұпайларды жинақтауға кірісті. Нәтижесінде әріптестеріміз Анар Жаңабай, Әлия Қазылова III орынды иеленді. Алдағы уақытта ұжым үмітін ақтайды, талай жеңістерге жетеді деп сенеміз.

Гайһар БЕКТЕНОВА,
№ 7 орта мектебі.

Рудный қаласы.

● КЕЛБЕТ

БИ-АҒАҢА БАС ИГЕН

журналист-жазушы, ғалым, дипломат Серікқали Байменше туралы сөз

Сәлім
МЕҢДІБАЙ

1. СӨЗ БАСЫ

Бейімбет Майлин – ұлы тұлға, аса көрнекті жазушы-журналист, қайраткер, осы қолыңыздағы кешегі "Ауыл", бүгінгі "Қостанай таңының" негізін қалап, оны ақпарат айдынындағы ақ желкенге айналдырған біздің рухани ұстазымыз, қазақ халқының ең бір аяулы да ардақты азаматтарының бірі. Тағдыры төлкекке түскен, бұл жалғанда не бәрі қырық жылдан сәл астам ғана өмір сүрген, сол қысқа ғұмырында артына өшпес із қалдырған қайталанбас қайраткер, қарымды қаламгер, өз халқының адал ұлы, мақтанышы.

Сол Би-ағанның өмір жолын, қызметін, шығармашылығын, жалпы бүтіндей табиғи болмысы мен сан алуан қыр-сырын жеріне жеткізе зерттеген және күні бүгінге дейін зерттеп келе жатқан айтулы бір азамат бар. Ол – Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, белгілі дипломат Серікқали Байменше. Секең өзінің әріптес ағасы Тоқтар Бейісқұлов екеуі біздің даңқты жерлесіміз, ұлы Би-ағанның аруағына шын мәнінде бас иіп, нақақтан жабылған жаланың құрбаны болған қайыспас қайсар қаламгер мұраларын тірнектеп жинап, халқына қайта ұсынып, Би-ағанның жоқтаушысына айналған тұлғалар. Біз бұл туралы бұрын да жазғанбыз, Би-ағанның 100 жылдық мерейтойы тұсында облысқа мерекелік шараларға қатысуға келген бұл екі қаламгер, екі ғалымға осы қара шаңырақ – "Қостанай таңының" азды-көпті сый-сияпатын да жасап едік.

Ал бүгінгі сөздің реті басқа, Бейімбеттанушы Серікқали Байменше бауырымыз алпыс атты арғымақ жасқа толып отыр.

2. ӨМІРДЕРЕК

Серікқали Ердіғалиұлы 1956 жылы 18 ақпанда Ақтөбе облысының Шалқар ауданында туған. 1972 жылы қазақ орта мектебін бітірген. 1972-1977 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (КазГУ) журналистика факультетінде оқып, жоғары білім алды.

Еңбек жолын 1977 жылы Ақтөбе облыстық "Коммунизм жолы" (қазіргі "Ақтөбе") газетінде тілші болып бастады. Бұдан кейін осы газетте бөлім меңгерушісі болып істеді. 1983 жылы республикалық "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас Алаш") газетінің Қазақстанның батыс облыстары (Ақтөбе, Орал, Маңғыстау және Гурьев) бойынша меншікті тілшісі болды. 1986 жылы Ақтөбе облыстық "Коммунизм жолы" (қазіргі "Ақтөбе") газеті редакторының орынбасары болып бекітілді.

1989-1991 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспиранты, аға оқытушысы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Баспасөз орталығының консультанты, Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігінің екінші хатшысы болып еңбек етті.

1991 жылдан 2007 жылға дейін бұрынғы Жоғарғы Кеңесте, кейін қос палаталы Парламентте, Сенат Аппаратында жауапты қызметтер (консультант, аға консультант, сектор меңгерушісі, Баспасөз хатшысының орынбасары, Редакциялық-баспа бөлімі,

Жалпы бөлім меңгерушілерінің орынбасары) атқарды, "Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы" ресми басылымының жүйелі жарық көруіне басшылық жасады.

2007 жылдан – дипломатиялық қызметте, 2007-2012 жылдары Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігінің бірінші хатшысы, кеңесшісі болды және республикалық "Егемен Қазақстан" газетінің Ресейдегі өкіл тілшісі міндетін қоса атқарды. Осы кезеңде оның қаламынан туған, "Егемен Қазақстан" газетіне жарияланған көптеген маңызды тарихи-танымдық материалдар жұртшылық ықыласына бөленді.

Серікқали Байменше 2012-2015 жылдары ҚР Сыртқы істер министрлігі аппаратында басқарма басшысы болып еңбек етті. 2015 жылғы мамыр айынан бері Мәскеу қаласындағы Еуразиялық экономикалық комиссияның Одақ нормативтік актілерін аудару бөлімінің басшысы болып жұмыс істейді.

Серікқали Байменше республикаға танымал журналист-публицист, ғалым-зерттеуші, оқытушы-ұстаз, аудармашы, баспагер, дипломат. Филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі. 1995 жылы журналистика мамандығы бойынша (10.01.10) кандидаттық диссертация, 2004 жылы қазақ әдебиеті мамандығы бойынша (10.01.02) докторлық диссертация қорғаған.

Көптеген кітаптардың авторы. Оның қырыққа жуық көркем очерктері республика баспаларынан шыққан жеке жинақтарда жарық көрді. Көркем әңгімелері "Қос жүрек" деген атпен "Достық бастаулары" (Алматы, 1990) жинағында жарияланды. "Бейтанис Бейімбет" монографиясы (Астана, 2001), "Төртінші билік" тағылымы" (Алматы, 1996), "Тағзым" (Астана, 1999), "Майлының Бейімбеті" (Алматы, 1994), "Бейімбеттің сөзстаны" (Алматы, 1996), "Зергердің зертханасы" (Алматы, 2005), "Сәт сағат" (Алматы, 2008), "Мұрагер" (Алматы, 2010), "100 ертегі" (2011), "Дәнекер" 2013) кітаптары жарық көрген.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті мен ұлттық журналистикасын жаңаша көзқараспен зерделеген танымал зерттеуші. Қазақ әдебиетінің классигі Бейімбет Майлиннің шығармашылығын зерттеудің жаңа ғылыми бағытын қалыптастырған, ұлттық әдебиетіміздің тарихын жаңаша жазуға қатысқан ғалым. Оның құрастыруымен және ғылыми түсіндірмелерімен Бейімбет Майлиннің көптеген белгісіз шығармалары жеке кітап болып жарық көрді: ("Тұңғыш құрбан", Алматы, 1994; "Белгісіз шығармалар", Астана, 2001; Быков П. "Романовтардың соңғы күндері", Астана, 2002). Соңғы жылдары Бейімбет Майлиннің белгілі және белгісіз туындыларынан тұратын көп томдық шығармалар жинағын шығару жөніндегі жаңа ғылыми жобаны жүзеге асырды.

Қазақстанда алғаш рет жарық көрген "Президент және Парламент" (Алматы, 2000) кітабының жауапты шығарушысы, "Қазақстандағы баланың құқықтары" жинағын (Астана, 2003) құрастырушылардың бірі.

Оның жобасы бойынша республикада бірінші рет екі тілде "Заңдар тізбесі" (Астана, 2001, 2006) анықтамалық-библиогра-

фиялық басылымы екі мәрте жеке кітап болып жарық көрді.

Ол "Қазақстан Конституциясына 10 жыл" және "Қазақстан Парламентіне 10 жыл" медальдарымен, "Журналист" журналының (Мәскеу, 1984) Құрметті дипломымен, Қазақстан Журналистер Академиясының "Алтын Жұлдыз" (Алматы, 2006) дипломымен марапатталған.

Жас журналистердің Бүкілодақтық II слетіне қатысушы (Мәскеу, 1980). Қазақстан Журналистер одағының С.Масғұтов атындағы сыйлығының лауреаты (1993), "Жас Алаш" газетінің Ғани Мұратбаев атындағы сыйлығының тұңғыш иегері (1993), "Бауыржан Момышұлы" құрметті белгісінің иесі (2010) және "Қазақстанның құрметті журналисі" (2011), Ресей Аудармашылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистика академиясының академигі.

3. ЕРЛІККЕ ТӘН ІЗДЕНІС

Ұлттық сөз өнеріндегі жарқын тұлға Бейімбет Майлиннің шығармашылығы сан қырлы. Қазақ әдебиетіндегі біртуар қаламгердің қоғам өмірінің көркем бейнесін сомдаған туындыларымен бүгінгі оқырман жақсы таныс дегенімізбен, оның айналымға түссе, қазақ мәдениетіне мол үлес болып қосылар, өкінішке қарай, жұртшылыққа әлі күнге дейін беймәлім шығармалары аз емес. Осы реттен келгенде Б.Майлиннің белгісіз туындыларын іздестіру, табу, зерделеу, жазушының кейінгі жинақтарына қосу, оларды жалпы айналымға енгізу көптен шешімін күткен мәселе болатын.

Өрине, ғылымда инемен құдық қазғандай деп аталатын мұндай бейнеті мол іске бел шешіп, білек сыбана кірісу әрі соның үдесінен шыға білу көп дайындықты және ғылымға табиғи бейімдікті қажет етсе керек. Өзіміз әңгіме өзегіне айналырып отырған ғалым, филология ғылымдарының докторы Серікқали Байменше қиын да күрделі, бірақ рухани өміріміз үшін қажет осы бір игілікті істі мықтап қолға алып, жазушы зертханасына тереңдей үңіліп, жұртшылықты елең еткізер тың ізденістер, ұтымды ойлар айтқан алғашқы ғалым-қаламгерлердің бірі.

Енді осы ойымызды таратыңқырып айтар болсақ, С.Байменше Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде дәріс алып жүрген студент кезінен ғылымға бейімдік танытып, кітапханаларға көбірек барғыштап, қазақтың аса көрнекті қаламгері Б.Майлиннің шығармаларын жастығының астына тығып оқып, жолда кетіп бара жатса да жүріп оқып, зерделетін. Оған мән беріп жатқан ешкім болмаса да, С.Байменшені Бейімбет шығармаларының сиқыры тартты да тұрды. Диплом жұмысына да жазушы туындыларын арқау етті. Туған жерге оралып, қызметке араласа да "шіркін-ай, Би-ағанның жазушылық шеберлігінің белгісіз қырларын зерттей түсер ме еді" деген ой көңіл түкпірінде жатты да қойды. Арман ақыры шыдатпады. Университет бітіріп келгеннен кейін Ақтөбе облыстық "Коммунизм жолы" (қазіргі "Ақтөбе") газетіне тілші болып орналасқан. Бұдан кейін осы газетте бөлім меңгеруші,



редактордың орынбасары болып жұмыс істеді. Республикалық "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас Алаш") газетінде Қазақстанның батыс облыстары бойынша меншікті тілші болып жүрген жерінен бәрін тастап, Алматы қайдасың деп тартып тұрды.

Алайда өмірде бәрі өзің ойлағандай бола бермейді ғой. С.Байменше де сондай бір жәйтті бастан кешірді. Университетке аға оқытушы болып орналасып, ғылыми жұмыспен алаңсыз айналысам деген жоспарына түрлі себептермен өзгеріс енгізуге тура келді. Қазақстанның тәуелсіздікке ие болар қарсаңындағы сан алуан оқиғалар тізбегі Серікқалиды өмір-өзен ағысымен жетелеп, ел тәуелсіздігіне үлес қосар түрлі қызметтер атқарудың толқынына илестіріп әкетті.

4. "АЙҚАПҚА" ЕСКЕРТКІШ

Қостанай облысының Қарабалық ауданымен іргелес жатқан Ресейдің Троицк қаласында қазақ тілі мен мәдениетінің күндері болып өтті. Осы шараның аясында 1911-1915 жылдары жарық көрген "Айқап" журналына арнап, баспахана болған тарихи ғимараттың қабырғасына ескерткіш тақта ілінді. Оған Челябин облысында тұратын қандастарымыз, Қостанайдан барған делегация мүшелері және Сыртқы істер министрлігі мемлекеттік тіл және лингвистикалық сараптама басқармасының басшысы Серікқали Байменше қатысты. Тақтаның ашылу салтанатында Троицк қаласының главасы Виктор Щекотов, Серікқали Байменше, жергілікті өлкетанушы, тарихшы Рауф Ғизатуллин, ақын Нағашыбай Мұқатов және тағы басқалар ұрпаққа сабақ болар игілікті іспен құттықтап, сөз сөйледі.

– Бүгін тарихи оқиғаның куәсі болып отырмыз. Осыдан бір ғасырдан артық уақыт бұрын қазақ тіліндеп "Айқап" журналы осы ғимаратта басылып шығып, қазақтың кең даласына тарады. Өлкетанушылардың, тарихшылардың дайындаған материалдарынан "Айқап" журналы – қазақ әдебиеті мен өнеріне, ағартушылық тарихына қойылған жазбаша ескерткіш" деген сөйлемді оқып, бұл басылымның халқына еткен қызметінің өлшеусіз маңызын түсінгендей болдым. Оның редакторы Мұхаметжан Сералиннің өз уақытынан озып туған, алдыңғы қатарлы адам екеніне көзім жетті. Осындай ескерткіш тақта ашылғанына троицкіліктер де қуанады, біздің қаламызда тұтас бір халықтың тамаша тарихы жатқанын мақтаныш етеміз, – деді қала басшысы Виктор Щетков.

"Айқап" журналына ескерткіш тақта ілу туралы бастаманы сол жылы Серікқали Байменше Қазақстанның Ресейдегі елшілігінде қызмет істеп жүрген кезінде көтерген болатын. Челябиндегі қазақтардың "Азамат" қоғамдық бірлестігінің мүшесі Болат Хасановпен Троицк қаласына келіп, "Айқап" журналы шыққан "Энергия" баспаханасы болған үйді тауып, ескерткіш тақта туралы қала басшылығымен де келісіп кеткен болатын. Ескерткіш тақтаның ашылу

салтанатында сөз сөйлеген Серікқали Ердіғалиұлы "Айқаптың" ғасыр басында қазақ даласының оянуына бірден-бір ықпалы болғанын айта келіп, жиналған жұртшылыққа журналдың аты туралы тағымдық ақпарат бере кетті.

Қазақ даласымен іргелес қонған Ресейдің Троицк қаласы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында ірі экономикалық, саяси, сауда және мәдени орталық болды. Бұл қалада халқымыз тарихының ізі сайрап жатыр. Оның қазақ даласында демократиялық, ағартушылық қозғалыстардың бастау алуына ықпалы ерекше болды. Троицк қаласындағы өлкетанушы, тарихшы Рауф Ғизатуллин 1911 жылдан 1915 жылдың тамызына дейін 88 саны шыққан "Айқап" журналы мен Троицк қаласының тарихын байланыстыра әңгімелеп берді. "Сол кезде Троицкіде шығып тұрған орыс тілді "Оренбургский край" газеті "Мұсылманская печать" атты мақаласында "Айқапты" "қазақтың алдыңғы қатарлы ойының үздік табысы" деп атап етті. Мұхаметжан Сералиннің замандасы, шығыстанушы А.Алекторов "Санкт-Петербургские ведомости" газетінде журналдың ағартушылық бағытына жоғары баға береді. "Айқаптың" жарық көруіне троцкіліктердің қосқан үлесі өте маңызды еді. Сералиннің нағашысы, көпес Мулла-Ахмет Яушев қомақты қаржы салды. Сонымен қатар Мұхаметжан Сералинге Федор Сыромолотов, Семен Ужгин, Матвей Стреховенко, Павел Зиссер сияқты орыс журналистері ұйымдастыру-техникалық және полиграфиялық жағынан көмек беріп отырды. Жиналған жұртшылық "Айқап" журналы арқылы халқымыздың бекзат тарихынан рухани азық алғандай болды.

Сол жылы Троицк қаласы іргесінің қаланғанына 270 жыл толды. "Айқапқа" ілінген ескерткіш тақта қала тарихын толықтыра түскендей болды. Осы орайда Троицк қаласының главасы Виктор Щекотов енегесі бар бастама көтерді.

– Мұндай игілікті іс жалғасын тапқаны ләзім. Ол жас ұрпақты тарихқа құрметпен қарауды үйретеді.

Ал патриоттық сезім тарихқа құрметтен басталады. Қатар жатқан Қарабалық ауданының "Айна" және Троицк қалалық "Вперед" газеттерінің журналистері үшін енді жыл сайын Мұхаметжан Сералин жүлдесі байқауын өткізетін боламыз, – деді Виктор Александрович. Міне, жерлестерінің сенімінен шығып, он бес жылдан бері қаланы тапжылмай басқарып келе жатқан білікті басшы "ағайынның аты озғанша, көршінің тайы озсын" деген осындай жақсы ниетін білдірді. Троицкідегі қазақ тілі мен мәдениетінің күні шеңберінде Қостанай облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен қазақ тілі мамандары Челябин облысындағы тіл үйрететін мұғалімдер үшін шеберлік мектебін өткізді. Қостанай облыстық филармониясы әртістерінің күшімен концерт берілді.

5.СӨЗ СОҢЫ

Қарымды қаламгер, сұңғыла зерттеуші, Би-ағанды пір тұтқан Серікқали Ердіғалиұлы осы мақала авторы – мені біле ме, жоқ па – одан хабарсызбын. Менің бүгінгі "Қостанай таңында" кешегі Би-ағаң атқарған шаруаны шама-шарқымша жалғастырып келе жатқан жан ретінде білетінім, осы Секең, кешегі Тоқаң (Тоқтар Бейісқұлов) қазақтың қайталанбас қаламгері Майлиннің мол мұрасына адалдық танытты, оның шығармаларының толық жинағын шығаруды қолға алды. Осы мақсат жолында талай тер төкті, талай есікті қақты, талай кедергі-қиыншылықтарды жеңе білді, ақыры мақсатқа жетті.

Сол үшін де біз бұл тұлғаларға ерекше ризамыз, "Би-ағанның" қара шаңырағы – "Қостанай таңы" атынан айтар алғысымыз да шексіз.

СУРЕТТЕ:Серікбай Байменше.

НӨМІРДЕН – НӨМІРГЕ



«Ғибрат» Бұл газетіміздің жаңа жылдағы жаңа жобасы. Мақсаты – адамзат баласының даналық тағлымдары мен туындыларынан бүгінгі қалың оқырмандардың талғам-талабына сай келеді-ау дегендерін назарға ұсыну. Жаңа айдармен беретін алғашқы дүние – Кабуснама.

«Кабуснама» — XI ғасырдың жемісі, 1082-1083 жылдар ішінде жазылған. «Кабуснаманың» авторы — Кайқаус Каспий теңізінің оңтүстік жағалауында мекендейтін Гилян ру-тайпасының ұсақ феодал семьясында (1021-1022 жылдарда) дүниеге келген. Кайқаус 63 жасында «Кабуснаманы» өзінің ұлы Гиляншахқа арнап жазады. Өзінің қартайғанын баяндай келіп: «Менің дүниедегі жиып-терген ең қымбат асыл

заттарым — саған арнап жазған осы үгіт-насихат кітабым», — дейді. Парсы, араб тілінде өлеңдер жазған.

Кайқаус өз заманының көп жағдайынан хабары бар зиялылардан еді, өз дәуірінің ілімділерінің қатарында болып, музыка және табиғаттану іліміне зор құштарлықпен көңіл аударды. Оның көптеген ғылымдардан хабары болғаны автордың «Кабуснама» шығармасынан жарқырап көрініп тұрады. Сондықтан да «Кабуснама» тәлім-тәрбиелік мәні жағынан XI ғасырдағы шығыс педагогикасы тарихында аса құнды шығармалар қатарында.

Біз бүгін осы туындыдан ықшамдап үзінділер беруді бастаймыз.

Бас редактор.

ҚАБУСНАМА

Алла тағаланы тану

Біріншіден, Алланың бірлігін, барлығын мойындауға ықылас-сенімнің берік болсын. Өйткені көп адамдар оны мойындамау салдарынан көңілі қараңғыланып азғындайды. Ал көңілі пәк таза жандар адаспайды. Ей, перзентім, біліп алғын, Алла Тағаланың барлығы зайырда, жасырында. Оны жердегі, көктегі бар заттардың қадір-қасиетінен ажырата білу арқылы ақылмен таниды. Алайда Алла Тағаланың ұлылығы мен қасиетін көрінген затқа теңеуге болмайды. Алла Тағаланы танығың келсе, алдымен өзінді өзің таны. Өз хал-қадіріңнен хабарың болсын. Алдымен, әрбір жан өзін-өзі тани білсе, Алла Тағаланы да таниды.

Сақ болғын, қу зымияндардың айла-шарғысында иланып, айтқандарын жан-дүниеңмен ұйып тыңдап, азғындық жолына түсіп кетуші болма.

Меккеге бару үшін ең алдымен жолға жетерлік дүние керек, екінші – жол қиыншылықтарына шыдайтын денсаулық керек, үшінші – жол қауіп-қатерлі болмауы шарт, төртінші – көңілді дүние талабынан шектеп, нәпсіні тыйып, ғаріп жолында болу керек, бесінші – қажылық етуді құрметтей білу керек. Осы бес шартты орындаған жағдайда, қажылық өз дәрежесінде болып, оның рақатына келесің.

Ата-ананы құрметтеу

Сені жан-ділімен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-ананың көңілін қалдыратын құрттай іс жасасаң, сен ешқандай да жақсылыққа лайықты жан емессің, өйткені кімде-кім ата-ананың жақсылығын білмесе, басқа біреудің жақсылығын да бағаламайды. Егер сен, өз перзентім құрмет қылсын десен, сен де ата-ананды құрметте, сен ата-анаңа не істесен, саған пер-

зентің де соны жасайды. Перзент жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең, жемісі де дәмді, жақсы болады. Сол сияқты ата-анаға деген ізет, құрметіңді аямасаң, саған деген олардың ізгі тілегі қабыл болғаны.

Сенен жағдайы жақсырақ адамды күндеме. Малсыздықтан жарлы болсаң да, ақылға бай болу үшін жаса. Өйткені малмен бай болғаннан гөрі, ақылға бай болу жақсырақ. Наданның жарлы болуы демде. Андасаң, ақыл деген – бір қымбат нәрсе. Оны ұры алып кете алмайды, ол отқа жанып, суға ақпайды.

Егер ақылың болса, өнер үйрен, өйткені өнерсіз ақыл – киімсіз дене, яғни кескінсіз адам сияқты деуге болады. «Білім – ақылдың, ажар – көркі» деп, босқа айтылмаған.

Өнер хақында

Ей, перзентім, есінде болсын, өнерсіз жан-өнегесіз, оның ешкімге де пайдасы тимейді. Ондайлар бұтасы бар да, көлеңкесі жоқ тікенді шоңайнаға ұқсайды. Өзіне де, өзгеге де пайдасыз болады.

Барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білгенің жөн. Өйткені басқа жан-жануарлардан адам баласы он түрлі қасиетімен артық. Бұл абзал қасиет тек адамның бойында ғана бар. Оның бесеуі сыртқы тән дүниесіне жайласса, бесеуі ішкі жан дүниесінде жасырынған. Ішкі жан дүниеде: жаттап алу, оны ұзақ, есте сақтау, қиялдау, ажырата білу, сөз сөйлеу, көру, иіс білу, дәмін тату, тітіркендіргіш сезімдер болады. Бұл қасиеттер басқа жануарларда да бар, бірақ адамдағы қасиетке тең келе алмайды.

Сөзді өз орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да, жаман көрінеді. Орынсыз айтылған артық сөз опық жегізеді. Егер сөйлеген сөзіңнен бір нәрсенің пайдалы иісі сезіліп тұрмаса, ондай сөздің айтылмағаны жақсы.

«Сөз бір шарап сияқты, одан бастың

ауыруы да, жазылуы да мүмкін» депті білімдарлар. Біреу сенен бір нәрсені сұрамаса, жауап бермегейсің, ал сұрай қалса турасын айтқын. Босқа кететін жел сөзден сақтан.

Қыңырлыққа әдеттенген кісіден бойынды аулақ сақта. Өйткені қыңырлыққа әдеттенген жан туралыққа баспайды. Иір ағаш тезге салмай түзелмейді, жонбаса түзу болмайды. Жақсы сөз жан азығы, жақсы сөзге сараң болма. Жақсы сөз тыңдауға ынталы болмаған кісінің бар ынтасы, есіл-дерті мал, дүниеге ауып кетеді. Дөрекі сөйлемей, сыпайы, жақсы сөз айтсаң, сен де жақсы сөз есітесің.

Ал жақсылық істеуге лайықты жанға жақсылық істеуден тартынба және ол адамға жақсылық істеудің жолын үйрет. Бұл жөнінде «жақсылық істеуді білген, жақсылық істеуді үйретуге де міндетті» деген сөз бар.

Ей, перзентім, жақсылық істеуден жалықпа. Және істеген жақсылығыңа өкінбе, өкінгенің өзіңе зиян. Біреуге жақсылық істеп, оның көңіл-күйі қаншалықты шат болса, сенің көңілің де соншалықты көтеріліп шадыман болар.

Жақсылықты жалпы халыққа жаса, жамандықтан аулақ бол, керісінше сөйлемей, теріс оймен ойлама. Бидайды көрсетіп, арпа сатпағын. Әр істе әділетті бол. Әділ жанға бидің де, қазынаңның да қажеті жоқ.

Қайғылы жанға қуанышыңды айтпа. Әр нәрсеге таңданып таңырқама, өйткені таңдану жас балаға жарастықты. Есті жан қайғымен аяқталатын қуанышты қуаныш демейді, қуанышпен аяқталатын қайғыны қайғы екен демейді.

Үмітсіздіктен сақтан, жақсылықтан үмітіңді үзбе, үміт есігін аша біл. Керісінше, үміт есігін үмітсіздікке айқара ашпағын.

Біреудің істеген ісін зая кетірме, еңбегіне қарай ақысын төле. Жақсылықты ең алдымен өз жақынына істей біл.

(Жалғасы бар)



САТИРА

Жемқордың есіруі

Сайтан түртіп, жемқорды,
Жүргені қыңыр жол болды.
Қазынадан жымқырды,
Ойлағаны сол болды.

Бұған бұл іс қол болды,
Бір салғанда мол салды.
Өтірік ақпар толтырып,
Сермеді құлаш оң, солды.

Осылай жемқор есірді,
«Крыша» тауып көсілді.
Тексергенде істерін,
Жібектей болып есілді.

Алалай да бұлалай,
Деме болды бұл қалай.
Ойнақтап жүріп шоқ басып,
Бір күнде болды сормандай.

Хабар тауып бұл істен,
Тергеуші іске кіріскен.
Құстырып қайта тастатты-ау,
Өткеннің бәрін өңештен.



ЖЕБІР МЕН ТЕМІР ТОР ДИАЛОГЫ

(Масаң жебір темір торды темір деп сөйлейді)

Ішіп ап, Жебір «Темірді»,
Қылжақтап миын кемірді.
Жебір «жеп» әбден семірін,
Өңгіме айтты не түрлі.

Сұп-суық болып тұрасың,
Айтшы сен, нені ұғасың?
Шыр бітпейді бойыңа,
Етің жоқ артық бір асым.

Шіркін, біздің мына өмір,
Рахат қой, рахат.
Ісі түскен барша жұрт,
Ұсынған «сыйын» қаумалап.

Күніне теңге сыңғырлап,
Өтіп жатыр тамақтан.
Жемқорлық деген бір ғажап,
Кем емес өмір жұмақтан.

— Темір сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Рас, мен суық темірмін,
Мызғымайтын өмірімін.
Тартқызамын сазайын,
Сен сияқты жебірдің.
Мойнымды саған
бұрамын,
Білезік-кісен құралым.
Осы жолдан танбасаң,
Уысымда болар тұрағың.
Мұны айтқанда «темірің»
Зытып берді жебірің.
Өзгертуді ойлап жүр,
Ендігі қалған өмірін.

Е.СЕРІКБАЕВ.

Қашар кенті,
Рудный қаласы.

ДАНАЛАР АЙТҚАН ЕКЕН

Ананың қадірі

Бір күні Пайғамбарымыздан с.ғ.с.: «Я Алланың елшісі, менің анам кәріліктен есінен адасты. Мен оны өз қолыммен тамақтандырып, сусындатамын, оның барлық қажетін өтеп беремін, сонымен қатар, оны арқалап жүремін. Осы орайда мен анамның қарызын өтеген болып есептелемін бе?» – деп сұрайды бір кісін.

– Жоқ, тіпті жүзден бірін де өтеген жоқсың, – дейді. Сонда әлгі кісі:
– Неліктен бұлай? – деп сұрағанда Пайғамбарымыз с.ғ.с.:

– Себебі, ол сенің қорғансыз күнінде сен өмір сүрсін деп бағып қақты. Ал сен оның өлімін күтіп бағып-қағудасың. Әйтсе де, сен оған көп жақсылық жасадың (сол үшін сыйлығыңды аласың), – деп жауап береді.

«Анаңды үш рет Меккеге арқалап апарсаң да қарызынан құтыла алмайсың», – деген екен дана халқымыз.

Мәйнек

Бір күні қытай ойшылы Конфуцийге бір білімді әйел қонаққа келіп мынадай сұрақ береді:

– Айтыңызшы, әйелдің көп ашынасы болса, оны қоғам айыптайды, ал еркектің нақсүйерлері көп болса, оның қоғамдық мәртебесі мен беделі жоғарылайды, неге?

Конфуций жауап берместен үндемей жүріп шәй демдейді де, оны алты кесеге құяды.

– Айтшы, – деді ол бұдан соң – бір шәйнектен 6 кесеге құйған шәй жақсы ма?

– Иә, – дейді әйел.

– Міне көрдің бе! – деп Конфуций мысқылдай күлді – Ал бір кесеге бірден 6 шәйнектен құйса, бұл атала, тіпті табиғатқа жат жиіркенішті емес пе?!

Достық

Анахарс Афиньға Евкрат билік құрған кезде 48-олимпиадаға орай келген. Осы сапарында ол әйгілі данышпан Солонның үйіне келіпті де, сол үйдің күтушісі арқылы: «Анахарс келіп тұр, Солонды көргім келеді және мүмкін болса, достасып, қонақ болып кетпекші едім», – деп сөз салады. Мұны естіген Солон күтушісі арқылы: «Әдетте, досты өз отанынан іздеген абзал», – деп жауап қайтарыпты.

Сонда, Анахарс табан астында: «Солон өз отанында ғой, олай болса достан неге қашады?!» – деп уәж айтқан екен. Мұндай тапқырлықтан тосылған Солон Анахарсты қабылдап, одан әрі ең жақын досы болып кетеді.

Ақыл

Шақшақұлы Жәнібек Төле биден:

– Түзу мылтық, ұшқыр құс, жүйрік ат, мақтаншақ жігіт, ұрыншақ ат жидым. Бозбала болып ерлік құрайын ба? Үлгі алып билік құрайын ба? Еліңде кәрің болса, жазулы тұрған хатың, жайлаған келіннің алдында төбе болса, ерттеулі атың деуші еді, ақыл сұрай келдім, – депті. Сонда Төле би толғап сөйлепті:

– Өгізді өрге салма, қанатың талар, наданға көзіңді салма, сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа, сенің кетер, дұшпаныңа сырынды айтпа, түбіңе жетер. Жал-құйрығы қаба деп жабыдан айғыр салма, жаугершілік туғанда жағдайлап мінер ат тумас. Жақыным деп жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма, өрісің тарылар. Қару жисаң, мылтық жи, жаяу жүрсең – таяқ, қарның ашса – тамақ. Ит жүгіртіп, құс салсаң, әуейі боларсың. Әйел алсаң көріктіге қызықпа, тектіні ал. Мақтаншақ жігіт жисаң, ұятқа қалдырар. Ұрыншақ ат жаз жарға жығар, қыс қарға жығар. Тұмау түбі құрт болар, тұман түбі жұт болар. Ақылдың түбі құт болар. Елге бай құт емес, би құт. Қабырғадан қар жауса, атан менен нарға күш! Ел шетіне жау келсе, қабырғалы биге күш! Қарап отырғанша, бір нәрсеге жарап отыр. Кәсіп болмай, нәсіп болмас! Менен ақыл сұрасаң, айтарым осы.

ҚАЛАМҒЕР ЖАЗБАЛАРЫ

Нұрқасым ҚАЗЫБЕКОВ:

«Көрген–білгеннен...»

Жер мәселесінде сонау Модэ дәуірінен (б.з.б. 209-174 ж.ж.) бері жалғасып келе жатқан «қытай кулық» бар. Ол – Қытайдың ғұндарды басынып, қымбат дүние, алтын, күміс алмақшы болуы. Ол ол ма, араны ашылған қытайға Модэ атадан қалған мың шақырым жүгіретін тұлпарын да, тоқалын да береді. Оған да қанағат етпей, жер сұрағанда: «Жер халықтың қазынасы, оның күн көрісі», – деп жерді берейік деген бектердің бәрінің басын алып, қара тұяғынан хал кеткенше соғысуға бекуді. Міне, содан бері екі мың жылдан асса да, аңызға айналған бұл шындық халық жадында әлі сақтаулы.

1949 жылы Шығыс Түркістан үшін құрбан болған ерлер осы Модэнің ұрпақтары еді. Олардың да есімдері халық жадында: Алтайдан Оспан батыр, Сауаннан Қалибек, Тәкіман Тоғызтараудан Мәлікәжі, Шатыдан Ыдырыс Нұрпейісұлы, Мұңғұл-күреден Мергенбайдың Айтақыны, Тоқайы... деп жүздеп санай беруге болады. 1949 жылы ұшақ апатынан қайтыс болды делінген Шығыс Түркістан үкімет басшыларын да осы тізімге қосуға әбден лайық. Осының бәрін біле тұрып, бүгінгі тәуелсіздік алған дәуірде Қытайға ұрыспай-

соғыспай жер берсек, біз еске алып отырған ерлердің қаны кімнің мойнына жүктелмек?... «Бірлесіп соя өсіреді» деу, халықты алдарқату, сылтау ғана. Мен білетін қытай ол жерге соядан бұрын сояулап өзі өседі.

Қолында билігі жоқ қытай ешқашан кісі бетіне тура қарамайды, ашылып сөйлемейді, ешкімге кек сақтап, мінез көрсетпейді – бәріне мақұл. Бірақ ішіне мың жылдық мәңгі мұзды қатыра береді, қатыра береді, күні туғанда барлығын сол мұздың селімен ағызып, су аяғы құрдымға өктемді. Олайы, қытайдың кегі ұмытылмайды, ұрпақтан ұрпаққа жалғасады. Қысқасы, бағынып (үндемей) жүріп, көнбістікпен қожайынын бағындыратын халық. Ал соған дейін, «қашсаң қуып, қусаң жасырынып» жүре береді, алайда күллі кегін әбден күні туғанда келістіріп бір-ақ қайтарады. Міне, бұл мен білетін қытай кулықтың бір саласы.

Қытайдың тұңғыш императоры Шин Шихуан мәңгі өмір сүремін деп сынаптан жасалған дәрі ішіп, ең соңында ақылынан

адасып өледі. Оған сенетін себебі, алтын да сынапқа ғана еріген ғой. Сол себепті оны мәңгілік деп ұқса керек. Сөйтіп, ол небәрі елу жасында қайтыс болады.

Қытайдың өзін «Аспан елі» атауы – осылайша алжасқан Шин Шихуанның көп жағасына келіп, көкке табынып, қол жайған соңғы тілегінен қалған сөз. Ал біздің тілшілеріміздің соған бола Қытайды «Аспан елі» деп дәріптеуінің түкке қажеті жоқ.

«Қытай кулық» – басқа кулықтардың ешқайсысына ұқсамайды. Ол ешқашан қарсыласпайды, бірақ өз білгенін (ойын) майдалап жүзеге асыра береді. «Тама берсе, тамшы да тас теседі» демекші, ақырын-ақырын дегенін істетеді, оны әлгі қарсыласы да байқамай қалады. Қазір қытай дүниежүзін осылайша жаулап келеді. Мұны көп «мықтылар» әлі байқай қоймаған сияқты... Бұлай ойлауымыздың басты себебі: осыдан жарты ғасырдай бұрын біздің елге (Шығыс Түркістанға) дәл бүгінгі Қазақстанға келгені сияқты мысқытабандап кірген болатын. Ал қазір сол өлкеде құмырсақдай қаптайды.

Сағат

Тоқта сағат,
Соқпа сағат.
Оралайық
Өткенге,
Есіңде ме
Сонау бір шақ
Гүл тердім ғой

Көк белде.
Ұылажыған
Ұыз шақтың
Бір минөтін
Оралтшы
Өзге өтініш
Жоқ менде!

Күн

Күн шығыпты, алақай,
Қарашы әне, балақай!
Неткен ғажап таза күн
Үш-ақ әріп жазасың.

К — кісі ғой ардақты,
Ү — үлесің ол салмақты.
Н — нұр емес пе кәдімгі
Келтіретін сәніңді.

Қане, ботам тұра ғой,
Үлесіңді ала ғой.

Өнер

Қалқам, мен ұшақ ұшыра алмаймын,
Қалғаны келеді қолымнан,
Үйренсем одан да қалмаймын,
Жығылған жан емен жолымнан.

"Өнерді сүй" деген бабамның өсиетін,
Тұмар ғып таққанмын бойыма.
Әр істің пайымдап қасиетін,
Құр желік, қысыр сөз жимадым ойыма.

Білмекке құмартып, мұң артып ержеттім,
Ғашық боп өмірге, ерекше сүйдім мен.
Жыр жаздым дауылдап, нөсер боп селдеттім
Шабытпен, шаттықпен, иіріммен, мейіріммен.

Өнерді сен де үйрен, жас досым қалыспа,
Өнерде бақыт бар, жеткізер мұратқа.
Барайық алысқа, самғайық ғарышқа,
Кел досым, өнердің өріне тұрақта!

Мұрат ЖҮНИСҰЛЫ.

Арқалық қаласы.

«Демократия азаматтық қоғамның дамыған үлгісі бола алмайды.
Біздің өзiрге басымыз жетiп, ойлап тапқанымыз осы ғана».

У.Черчилль

«Осымен қырық жыл бойы мен елді үймен, мектеп және ауруханамен қамтамасыз ету үшін отандастарыма қолдан келгенше жағдай жасадым. Аш болғанда оларды тамақтандырдым, тіпті, шөлді Бенгазиді гүлденген аймаққа айналдырдым. Мен ковбой Рейганның шабуылдарына тойтарыс бердім. Мені ол

медицина, тегін аурухана, тегін білім мен тегін баспана жоқ екенін ұғынғысы келмеді. Мен не істесем де барлығына бұл аз болып көрінді.

Басқалары менің арабтар мен мұсылмандардың бірден-бір көсемі, халқының Суэц каналын пайдалануға қақы бар екенін мәлімдеген Абдел На-

мыс істеуді жазған Аллаға үлкен алғыс айтамын. Егер Алла қаласа мен өз ұлысым үшін өмірімді қиюға дайынмын.

Менің өлгім келмейді. Бірақ балаларымыздың бас амандығы мен елімді құтқарып қалу үшін осылай істеуге мәжбүрмін. Осы өсиетім арқылы бүкіл әлем Менің НАТО крес-

Каддафидің өсиеті

өлтіргісі келген. Ешқандай жазығы жоқ баламды жазым етіп кетті. Мен Африка одағының қаржысымен Африкадағы бауырларыма да үзбей жәрдемдестім. Елге нағыз демократияның не екенін түсіндіру үшін қолдан келгенше көмектестім. Бірақ, бұған қанағат етпеді көбісі. Тіпті 10 бөлмелі пәтері барлардың өзіне де жаңа жиһаз бен киім-кешек алып берсем де көңілдері қош болғанын көрмедім.

Дүниеқоңыздық пен өзімшілдікке салынған олар америкалықтар мен өзге елдің өкілдерімен ымыраға келіп, елге «нағыз демократияның» жетпей жатқанын айтып шағымданды. Бірақ бұл «демократия» мен «бостандық» күштілердің құқын ғана қорғайтынын олар түсінбеді. Олар Америкада қайыр сұрағандар ғана тәуелсіз күн кешетінін және тегін көже ол жақта тек қайырымдылық мақсатында ғана таратылатынын, онда да бұған қол жеткізгісі келгендердің ұзын-сонар кезекке тұратынын білген жоқ. Америкада біздің елдегідей тегін

сердің ұлы екенімді білді. Ал мен оның бастамаларын үлгі ете отырып, өз халқымның Ливияның толыққанды иесі екенін мәлімдедім және оны отарлаушылардың ықпалынан араша-лап қалуға тырыстым.

Енді міне... Мен әлемдегі ең күшті армияның соққысына ұшыраудамын. Ал менің африкалық інім Обама Мені өлтіріп, біздің тегін баспанамызды, медицинамызды, тегін білім мен тамағымызды тартып алып, оны «капитализм» деп аталатын Американың сұғанақ жүйесімен алмастырмақ. Үшінші әлемде өмір сүретін барлығымыз оның қандай қоғам екенін әлбетте жақсы білеміз. Бұл дегеніміз елді корпорациялар билеп, қарапайым халықты қанау деген сөз. Менде басқа амал қалмады. Мен өз позициямды ұстап қалуым керек. Біздің елге осынша байлық беріп, халқымның әл-ауқатын көтеріп, Африкадағы бауырларыма көмектесуге мүмкіндік берген, араб бауырларым мен қарындастарыма Ливия Жамахириясында жұмыла жұ-

шілерінің кезекті шабуылына қарсы шыққанымды білетін болады. Мен қатыгездік пен сатқындыққа төзе алмаған африкалық өзге бауырларыммен иық тірестіріп оларға қарсы шықтым.

Мен бәдеуилер шатырында, қарапайым үйде өмір сүрдім. Сиртта өткізген жастық шағымды ешқашан естен шығарған емеспін. Мен Ұлттың байлығын оңды-солды шашқан жоқпын. Ислам үшін Иерусалимді азат еткен Мұсылмандардың ұлы көсемі Салахаддин сияқты аз нәрсені қанағат тұттым. Батыста мені «ақылсыз», «ақымақ» дейді. Бірақ шындықты білсе де олар өтірік айтудан ешқашан тайынған емес. Олар менің ұстанған жолым халқымның көңілінен шығатынын және бұл үшін менің басымды бәйгеге тігуге дайын екенімді біледі. Азат, тәуелсіз Ливияның өздеріне кіріптар емес екеніне іштей өкінеді. Ал Мен осы бостандық үшін ақтық демім шыққанша айқасуға әзірмін. Ұлы Жаратушы біздің еркін де ерікті болып қала беруімізді нәсіп етпей!».

Өзіл-оспақ

КЕЛІНШЕГІ
ЖОҚ АУЫЛ...

Астанада «айналайын!» дейтін апам жоқ, басымнан сипайтын атам жоқ, бір құрылыс компаниясында жұмыс істейтін едім, тегін жұмыс істете берген соң, тентіремейін дедім де, ауылға қайттым. Автобустан ауылыма жетер-жетпес тағы бір ауылдың маңына түстім. Ары қарай автобус түгіл, албасты да бармайды... Сол ауылдың кіре берісіне: «Келіншегі бар ауыл» деп жазып қойыпты. Сауатсыз әкім жаздырған болуы керек. Биыл үкімет «келешегі бар ауыл, келешегі жоқ ауыл» деп екіге бөліп тастады емес пе? Келіншегі, ой кешіріңіз, келешегі жоқ ауылдарға үкіметтен жарты тиын да бөлінбейтін болып, жер бетінен жойылатын болды ғой...

Сөйтсе-ем, туған ауылыма есек жалдап жетсе-ем, (кешіріңіз, біздің ауылда жол жоқ, машина түгілі ұшақ та бара алмайды...) әкімшілік алдына: «Келіншегі жоқ ауыл» деп жазып қойыпты. Біздің ауылдың әкімі де сауатсыз біреу болып шықты ғой!

Есектен ырғып түсіп, «келіншегі бар ауылға» қарай айдап жібердім де, жалғыз аяқ жолмен жаяулатып келе жатыр едім, электр бағанасынан үзіліп түскен сымдарға шалынып құлап, шалқамнан түстім. Ауылдың тоғы да танымайды екен, ұрып жатыр, ұрып жатыр. «Жерлесіңмін» десем де қоймайды, екі көзім жанып, біраз уақыт есімнен танып, смола сіміргендей серейіп жатсам, кеңкелес Келдібек тұр ыржиып:

– Құ-құтқарсай... – дедім әрең сөйлеп.

– Келешегің жоқ қой, өле берсеңші... – дейді ол. Дереву ұялы телефонымды «зарядтап» алайын деп, тығатын жерін мұрнымның тесіктеріне тыға қойдым. Бір сағат дегенде бойымдағы электр қуаты ұялы телефонымға беріліп, орнымнан әрең тұрдым. Денсаулығымды тексертіп алмақ болып, ауруханаға кірсем, тірі жан көрінбейді... Сөйтсем, аурухананың алды бар да, арты жоқ екен ғой. Мен байғұс «аурухананың қабырғасына таудың суретін салып тастапты, әдемі безендіріпті» деп ойласам, өзіміздің тау екен, көрініп тұрған... Келешегі жоқ ауыл болған соң, көпшілігі көшіп кетіпті... Ауруханадан шытынап шығып, «шәй ішіп алайын, сәлем берейін» деп кластасым Кедейбектің үйіне кірдім. Кластасым келіншегінің көйлегін құшақтап жылап отыр екен. «Неге жылайсың?» деп сұрасам, келешегі жоқ ауыл болған соң, келіншегі кетіп қалыпты. «Атаңа нәлет, аудан әкімі оңбайды! Жарқырап тұрған ауыл еді, ауыл әкімі екеуі бәрін тонап бітті!» деп жылаған Кедейбек тұмсығыма бір ұрғаны.

– Өй, неге ұрасың? – деп сұрадым мен.

– Келешегі жоқ ауылыңа келдің ғой. Еріккеннен ұрдым...

Екеуіміз еріккеннен екі сағат төбелесіп, түстен кейін үйіме әрең жеттім. Жетпісті желкелеп, жетісіп отырмаған әкем қарсы алды кемсеңдеп. Сөйтсем, келешегі жоқ ауылдан алпысты алқымдаған апам да кетіп қалыпты. Төркініне. Жесір әкеммен қоштасып, бұрын жүріп, тастап кеткен экс-қызыма барғым келді. Құдай-ау, ауылыма не болған өзі? Шымшықтарға қарасам, бәрінің жүндері жоқ! Тырдай шымшықтарды бірінші көруім. Келешегі жоқ шымшықтар ғой, алдымда бір есек тұр екен. Ақырып алды да, артқы аяқтарымен бір тепкені. Жападай жалп ете қалдым. Онысымен тұрмай, үстіме талтайып тұрып, тезегін тастап жіберді. Аулымның есектеріне дейін үкіметке ырза емес екен ғой! Үстімді жапырақтармен сүртіп, «туған жерімнің хош иісіне елітіп», моншаға түсіп алайын дедім. Моншаға келсем, төбесі опырылып түскен бөлмеде маймылдар шомылып жатыр! Біреуі арқама ырғып мініп алғанда, апатайлап, ала қаштым! Қайдан қаңғып келген маймылдар десеңші? Әлде, ауылымның адамдары маймылға айналып кеткен бе? Салып ұрып экс-қызыма келдім. Ышқырымды көтеріп, ышқынын ысырдым. Үйінен жүгіріп шыққан Асылым:

– Мені неге тастап кеттің? Дабай, мені аласың! – деп пистолетін шекеме тақағаны. Келешегі жоқ ауылдың қыздарына дейін қағынған. Шешесі шықты гранат алып. «Осы тұрған жеріңде жарып жіберейін бе? Қызыммен жүріп-жүріп, тастап кетіп, енді балалы болып келдің бе?» дейді. Сөйтсем, бағанағы маймыл арқама жабысып алып, ыржалақтап тұр екен. Сілкіп түсіріп, экс-қызымды құшақтай алдым. Үйлендік. Тойға шақырайын десем, ауылда ешкім жоқ... Бәрі келешегі бар ауылдарға көшіп кеткен. Құрметті интернеттегі: «менің агентімдегі», «фейсбуктегі» «в контактедегі» мен танымайтын достарым! Тойға топырлап келіңіздерші... Мекенжайым: «Келешегі жоқ ауыл».

Мұхтар ШЕРІМ.

• ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

ҮШ МАЙДАНГЕР

Хамитбек
МҰСАБАЕВ

1.ӘКЕ

Алланың маңдайына жазған тағдырынан ешкім де асып кете алмаған. Өйтпесе, Алпысбай – Елеміс бидің шаңырағында дүниеге келді. Ештеңеден кенде болмады. Өмірі тайғақ кешулі болмауға тиіс секілді еді. Бірақ, оның да таланына өткен XX ғасырдың 30-ыншы жылдарындағы қиындықтар тап келді. Өуелі 1929 жылғы «Батпаққара көтерілісіне» қатысты деген желеумен тұтқындалып, тергеуге түсті. Одан ақталып шыққаны сол еді, 1938 жылы «Халық жауы» деген айыппен Сібірге айдалды. Негізінде Алпысбай – біртоға, жуас, істеген ісіне тиянақты, бос сөзге жоқ шаруа кісі болған. Бірақ, амалы қайсы, әкесі Елемістің би болғаны оған күтпеген жерден пәле болып жабысты. Өмірі естімеген «Жапонияның шпионы» деген жаланың не екенін өзге түгілі, өзі түсінбеді. Тергеушіге «Қарағым, Жапония деген не?» деп сұрады. «Сен әдейі өтірік білмей тұрсың! Жасап отырғаның айла. Мұндай қулығыңды қой» деп тергеуші басына әңгір-таяқ ойнатты. Айтқан шындығына құлақ түрмек түгілі, қаперіне де ілмеді. Ол аздай азапқа салды. Бәрібір бұл білмеймін деген сөзінен танбады. Расында білмесе не айтады? Тергеуші енді аяусыз зәбір берді, ұрып-соғып, ақыл-есінен тандырды. Түрмеде үш күн бойы өзіне-өзі келе алмай жатты. Есін жиған соң тергеуші толтырған қағазға қарсыласпай-ақ ішінен «Саған керегі осы болса» деп, қол қойып бере салды. Ақыры, «Халық жауы» деген атақпен сызды Сібірден бір-ақ шықты. Әкесінің би болғаны рас еді. Кезінде Баймұрат болыстың, одан кейін оның баласы Айтқұл болыстың биі болғанын теріс дей алмады. Жабылған кінәнің ішіндегі анықталғаны осы болды. Тергеуші енді «Батпаққара көтерілісіне» қатысқаныңды, Байқадам Қаралдиннің күйеубаласы екеніңді жасырдың» деп бопсалады. Әкесі Елемістің Байқадам Қаралдиннің қарындасы Бибіғалиға құда түсіп, бұған алып бергені де рас еді. Ол кезде Қаралды бай жай адамға қызын бере ме? Маңайлатпайды ғой.

Жұрттан естуінше әкесі Елеміс би халыққа да, болысқа да жаққан кісі екен. Қай кезде болмасын істің әділдігін айтыпты. Баймұратқа да, Айтқұлға да өзінің ақыл-парасатының молдығымен, билігінің әділдігімен, ұтымды жауаптарымен ұнапты. Ешкім Елеміс би Алтайұлы халыққа зәбір берді деп айтқан емес.

Алпысбай Сібірде талай азаматтармен кездеседі. Оқыған, тоқығаны мол, білімді жігіттер жоғары жаққа қайта-қайта арыз жазып, өздерінің нақақ жазаланғанын айтып, босатуларын өтінді. Солармен бірге арызға қол қояды. Ақырында соңғы арыздары жоғары жақтан қолдау тауып, 1941 жылдың мамыр айының аяғында бұларды босатып, елдеріне қайтарады. Елге келгеніне бірер ай бола ма, болмай ма, соғысқа аттанады. Қатардағы жауынгер болады. Неміс фашистерінің талай жауынгерін жер жастандырады.

Алайда, 1943 жылдың желтоқсан айының аяғында үшті-күйлі хабарсыз кетеді. Не болғаны белгісіз. Алпысбай Елемісовпен соғысқа бірге барғандар: Әбілов Сәлімжан, Әбдірахманов Мендіғали, Нұрханов Қашырбек, Нұржанов Еңсебай, Өкенов Боранбай, Нұркин Төлеш, Нұрғалиев Байжігіт, Өтебаев



Сарбай, Болтаев Кәрім, Байғонов Әбдіхалық, Ысқақбаев Төлеміс, Тасбергенев Сарыбай, Тасбергенев Сәреке, Қалиев Ахет, Қалиев Ағытай, Әміров Қапыш, Меңдібаев Тотан, Меңдібаев Әбсейіт, Үкібаев Үдербай, Өскин Сейтбек, Аққабақов Қансейіт деген амангелділік азаматтар. Бұлардың аты-жөндерін көрсетіп отырған себебіміз, ұрпақтары болса, білсін деген ниет. Бұл анықтама – СССР Қорғаныс Министрлігінің мұрағатынан алынған. Міне, соғыстың аяқталғанына 70 жыл толды. Бірақ, Алпысбай Елемісұлының хабар-ошары әлі шыға қойған жоқ. Не жау қолына тұтқынға түскендер тізімінде, не қаза болғандар қатарында жоқ. Өлде танкінің оғы қопарған ауыр топырақтың астында қалды ма екен? Ұрпақтары іздегіру үстінде.

Өткен ғасырдың 90-ыншы жылдарының басында бұрынғы Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхозға Байқадам Қаралдиннің аты берілуіне орай оның қызы, қазақтың тұңғыш стенографисі Данабике Байқадамова апамыз бастаған Қаралды әулетінің ұрпақтары ауданымызға келді. Оларды сол кездегі Торғай облысы әкімінің орынбасары Нұрқан Исламиев бастап келді. Совхоз директоры Дүйсен Божманов бастаған бір топ ел ағалары мен ақсақалдар оларды Байғабыл ауылының кіреберісінде қарсы алды. Сол топтың ішінде Алпысбайдың немерелері де бар еді. Жұртпен амандасып, есездесіп болған соң Данабике апай өзінің қасында тұрған Есен Қасымсейітұлы мен Сәрсен Сейдәзімұлына:

– Қалайсыңдар, қарақтарың? – деп қолдарын алып, беттерінен сүйді.

– Аллаға шүкір, жүріп жатырмыз, апай, – десті олар жарыса.

Содан соң Данабике апай тұрып:

– Міне, сендер де үлкен азамат болып қалыпсыңдар. Біз ежелден атадос елдің ұрпақтарымыз. Бабаларың Елеміс кезінде біздің елдің биі болса, аталарың Алпысбай туған жездеміз еді. Ол кісіні менің әкем Байқадам Қаралдыұлы құрмет тұтатын. Ешкімге зияны жоқ, қой аузынан шөп алмайтын момын кісі еді. Кешегі керзаманның салдарынан жазықсыздан жазықсыз «Халық жауы» атанып, айдауда болып, одан соғысқа кетіп, аяғында хабар-ошар болмай қалды. Бірақ артында сендер барсыңдар. Бүгінде Қасымсейіт те, Сейдәзім де жоқ. Имандары көркем болсын. Бізді ұмытпаңдар. Біз сендерді ұмытпаймыз. Туыстығымыз, сыйластығымыз одан әрі жалғаса берсін. Менің өзім түйе айдай-



тын жасқа жетіп қалдым. Туған жердің топырағын енді басамын ба, баспаймын ба, оны бір Құдай біледі. Мүмкін бұл соңғы келіп тұрғаным шығар. Бақытжанымның қыздарына және келінім Валентина Панфиловаға ата-бабамның туған жері мен елін көрсетуге алып келдім. Сендер біз кеткенше қасымызда болыңдар! Жатпай-тұрмай аталарың Алпысбайдың хабарын іздеңдер! – деді.

Есен мен Сәрсен болса «Жарайды, апа» десті. Бұл әңгімінен марқұм Хамза Нұржанов, полк баласы Өміржан Бірмағанбетов ақсақалдар бізбен бірге естіген еді.

Тез сөйлейтін Өміржан ағай тұрып:

– Данабике апа, айтқаныңыз келсін! – деді.

2.БАЛАЛАРЫ

ҚАСЫМСЕЙІТ

Алпысбайдың үлкен ұлы Қасымсейіт өмірге 1923 жылы келген. Ол 1942 жылы 19 жасында әскерге алынған. Дайындықтан өткен соң гвардиялық қызыләскер атанған. Жаумен болған шайқастарда бірнеше рет ерлік көрсеткен. Ресейдің Смоленск облысы Рудня ауданындағы Понизовье деревнясы үшін болған кескілескен соғыста қарулас жолдастары: №2 дивизия басқармасы взводының аға телефонисі, кіші сержант Яков Иванович Глазковпен (1903 жылы туған), осы дивизияның №4-інші минометшілер взводының командирі, гвардиялық ефрейтор Иван Яковлевич Учненкомен (1918 жылы туған), №2 дивизия басқармасы взводы байланыс бөлімшесінің командирі, гвардиялық сержант Василий Александрович Матросовтармен (1908 жылы туған) бірге СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1943 жылғы 20 тамыз күнгі №93 Жарлығымен «Қаһармандық ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Арада көп өтпей тағы да неміс фашистеріне қарсы көрсеткен ерлігі үшін жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз» орденін иеленеді. Бұл кезде оның шені гвардиялық сержантқа көтеріледі.

Майдандас достары Қасымсейіт Алпысбайұлының мергендігіне әрдайым риза болады. «Атқан оғы қате кетпейді, снайпер» – деп оны үнемі құрметтеп, сыйлаудан танбайды.

Қасекең соғыстың соңғы күндеріне дейін майданның алғы шебінде болады. Берлинге таянғандағы үлкен шайқастарда бір өзі 50-ден астам фашистің көзін жояды. Тағы да медальдармен марапатталады. Соғыс аяқталған соң 2 жыл әскери қызметке қалдырылып, елге 1947

жылы 24 жасында оралады. Аудан орталығындағы МТС-ке бухгалтер болып орналасады. Осы кезде ол Айғанша Баймұқанқызымен отау құрып, өмірге сәбилер келеді. Он үш жыл табан аудармай Аманкелді селосында тұрады. Қызметте абыройлы болады. 1960 жылы ауданда жаппай совхоздар құрылғанда Байғабылда Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоз ашылады. Қасымсейіт Алпысбайұлы өзінің ата-мекенінде ашылған жаңа шаруашылыққа барып, үлесін қосуды ойлайды. Совхоз басшылығы бұл тілегін қуана қарсы алады. Содан Қасекең зейнеткерлікке шыққанша Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхозда табан аудармай бухгалтер-экономист болып қызмет жасайды. Бір сөзді, бір қалыпты Қасекеңді совхоз жұртшылығы, жалпы ауыл тұрғындары болсын, ағайын-туыстары болсын осы жайсаң мінезі үшін құрмет тұтады.

Майдангер, Ұлы Отан соғысының және еңбектің ардагері Қасымсейіт Алпысбайұлы – қызметте қандай абыройлы болса, отбасында да сондай адал жар, ардақты әке атанады. Айғанша апай екеуі өмірге Жұмақұл, Есен, Қуаныш, Бақытқұл, Қуандық, Алматы, Гүлзада, Гүлзира атты 5 қыз, 3 ұлды өмірге әкеледі. Олардың барлығы да қазіргі күні әр салада жемісті қызмет жасап жүр. Бәрі де абыройлы.

Қасымсейіт Алпысбайұлы Жеңістің 20 жылдығында «Екінші дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған.

СЕЙДӘЗІМ

Алпысбайдың екінші ұлы Сейдәзім болса – 1926 жылы Аманкелді селосында өмірге келеді. Ол кісі соғысқа 1943 жылы 17 жасында өзі тіленіп аттанады. Сейдаған өзінің 1926 жылы туған құрдастарына қарағанда соғыстың сұрапыл сәттерін басынан ерте кешірді.

Ал негізінде 1926 жылы туғандар – Қазақстан бойынша соғысқа ең соңғы барған жігіттер. Олар Сейдаған сияқты кескілескен қан майданды көрген жоқ. Өйткені, соғыстың ең ауыр күндері олар әскерге алынған 1944 жылы артта қалған еді. Бұл тұста неміс фашистері Кеңес әскеріне қарсы тұруға қабілеті азайып, көбіне кейін шегініп бара жатқан еді. Сейдаған соғысқа елден бірге барған өзінің құрбы-құрдастарымен бірге шегінген жауды талқандауға үлесін қосады. Соғыс аяқталған соң Жапонияға аттанып, ондағы қан майданда өзінің ерлігін бірнеше рет көрсетеді. Жапония тізе бүккеннен кейін әскер қатарында қалдырылады. Елге 1952 жылы оралады. Яғни, әскерде тура 8 жыл болады. Ол – шын мәнінде соғыстың айтулы қаһарманы. Неміспен соғысты да, жапонмен соғысты да басынан өткерді. Елге аңсап оралғанда ағасы Қасымсейіт соңынан ерген тетелес інісі Сейдәзімді құшақ жая қарсы алады.

Сейдәзім Алпысбайұлы – 1953 жылы Жамал Сәкенқызына үйленіп, отау тігеді. Өмірге Сәрсен, Жақсылық атты екі ұл келеді. Осы тұста ол бір шовинистті жазапап, істі болады. Үкім етушілер оны 25 жылға соттайды. Бұл жағдай осы хабарды естіген жұртшылықты шошындырады. Себебі, оған дейін Аманкелдіде бұлай ұзаққа соттау болмаған екен. Үндемей жүрсе де үлкен істі тындыра білетін сабырлы да ақылды Қасымсейіт Алпысбайұлы МТС басшысынан рұқсат сұрап алып, Алматыға аттанады. Барғасын нағашысы, қазақтың ұлы композиторы Бақытжан Байқадамов пен оның зайыбы Валентина Панфиловаға және Данабике Байқадамқызына болған жайды айтып, көмектесулерін сұрайды.

– Сендер тұрғанда жалғыз бауырым

Сейдәзімді 25 жылға қалай соттатып қоямын? Көмектеріңді беріңдер, – дейді нағашыларына.

Сонда Бақытжан Байқадамұлы тұрып:

– Қасымсейіт, сенің қан жұтып, қиналып тұрғаныңды түсінеміз. Қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Сейдәзімнің істі болуы біздің де қабырғамызды қайыстыруда. Бір амалын табармыз! – дейді.

Сейтіп, Байқадамовтар әулеті Қазақ ССР Жоғарғы сотына арыз жазып, істі қайта қаратады. Нәтижесінде, 25 жылдың 17 жылы шегеріліп, Сейдаған 8 жылға сотталады. Ол осы мерзімді толық өтеп қайтқанша оның отбасына, бала-шағасына Қасекең қолдан келген көмегін жасайды. Інісінің Сәрсені мен Жақсылығының өз балаларындай болып өсуіне аянып қалмайды. Осылайша, сегіз жылға созылған сергелдең қуанышпен аяқталады. Осы сегіз жылда оның құдай қосқан зайыбы Жамал апай да сабырлылық пен төзімділіктің тамаша үлгісін көрсетеді. Ол өзінің азаматын сарғая адал күтіп, екі ұлын ешкімнен кем қылмай өсіреді. Күйеуінің сегіз жылға сотталып кетуі – ең әуелі осы кісіге қатты батады. Жап-жас әйелдің ұзақ уақыт бойы күйеуін күтіп, ғұмыр кешуі түсінген адамға оңай емес, әрине...

Сейдаға елге келген соң қайтадан бас бухгалтерлік қызметін жалғастырады. Жеңістің 20 жылдығында ІІ дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды. Өмірге Қанат, Болат атты тағы екі ұл, Ажар деген қыз келеді. Сейдекең 1987 жылы 61 жасында, бесінші мүшелінде қайтыс болды.

Алпысбайдың «халық жауы» болып Сібірге айдалып кеткеннен бір ай кейін 1938 жылы туған кенже ұлы Аманжолдан 5 бала бар. Оның Гүлбарамы ауданға белгілі іскер әйелдердің бірі.

3. НЕМЕРЕЛЕРІ

«Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» дегендей арада біраз жыл өткенде Алпысбайдың ер баладан үлкен немересі Есен – көп жылдар Арқалық-Аманкелді аудандарының совхоздарында бас зоотехник болып қызмет жасады. Таяуда зейнеткерлікке шықпақ. Бизнес саласында жүр. Одан кейінгі Сәрсен – Аманкелді – Амантоғай аудандарында білім бөлімдерінде және басқа мекемелерде бас бухгалтер болды. Ол да қазір бизнесте. Ал Жақсылық болса – 32 жасында Аманкелді аудандық атқару комитетінің төрағасы, 34 жасында осы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Екі жылдан соң аудандық мәслихаттың басшысы болды. Бүгінде ол да бизнесте. Қуандық – құрылыс саласында басшы қызметтер атқарды. Қазір де осы салада. Ал Алматы болса – жастай аудандық лимонад цехында, аудандық байланыс торабында басшы болып қызмет жасады. Бүгінде ол да бизнес саласында. Қанат болса – Батыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаменті бастығының орынбасары, Болат – облысымыздың Алтынсарин ауданы әкімінің бірінші орынбасары болып қызмет жасауда. Бұған дейін Қарабалық аудандық салық комитетінің бастығы болды. Біраз уақыт бизнес саласында да жұмыс жасады. Қазіргі дәуірдің жаңа тұрпатты мамандарының бірі.

Алпысбайдың қыз немерелері де бір-бір шаңырақтың шырайын келтіріп отырған өнегелі аналар. Сол сияқты, немере келіндері Ақымаш, Бақытжамал, Лариса, Дина, Гүлбану, Меруерт, Гүлмира-лар да әулеттің ұйытқысы болып жүр.

Қасымсейіт – Сейдәзім Алпысбаевтармен құдайы көрші әрі сыйлас болған Күликалал апай Қуандыққызы олар туралы:

– Қасекең – аузы ауыр, ісіне берік, зиялы кісі еді. Ал, Сейдәзім – жүзін көзінен өтетіндей жігіт болатын. Айғанша апай мен Жамал құрдасым – тайы жоқ жандар еді. Қасекеңдермен – 13 жыл, Сейдекеңдермен – 21 жыл көрші болдық. Ішсе дескеніміз жоқ. Туыстай болып кеттік. Маған бұлардың бәрі де ыстық. Әсіресе, тай-құлындай қатар өскен құрдасым, бір-бірімізден сырымызды жасырмаған жан құрбым Жамалдың орны бір бөлек еді. Марқұмды өз қолыммен ақ жуып, арулап, жөнелтістім. Ондай төзімді, сабырлы әйелдер сирек қой, – дейді көңілі босап, көзіне жас алып...

Р. С. Бүгінгі күні бір Алпысбайдың үш ұлынан – 18 немере, 60 шөбере өркен жайып отыр. Шөберелерінің алды университеттерді жаңа бітірсе, соңы мектепке енді барды. Біразы әлі сәби. Болашақтары алда.

Ұлы Отан соғысына үш жыл қатысып, ерліктің тамаша үлгілерін көрсеткен Алпысбай Елемісов өзі із-түссіз кеткенімен, оның балалары Қасымсейіт, Сейдәзім Алпысбаевтар сұрапыл соғыстан аман-есен оралып, қатарымен қызмет жасап, өмірге ұрпақ әкеліп, әке үмітін ақтап, соңдарына із қалдырды. Кенжесі Аманжол да ағаларына еркелеп өсіп, жақсы іні, жақсы азамат болды.

Бүгінде үшеуінің жолын ұрпақтары жалғауда. Сол ұрпақтары немересі Алматының ұйымдастыруымен 2006 жылы Байғабылда Алпысбай аталарының туғанына 100 жыл толуына орай ас беріп, рухына дұға бағыштапты. Сол жиында Алпысбай ақсақалды көзі көрген Байғабыл ауылының қариялары және туыстары марқұмның қадірлі азамат болғанын айтып, жас ұрпақтың жадына салды.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) Қасымсейіт, Сейдәзім АЛПЫСБАЙҰЛДАРЫ.

Аманкелді ауданы.

• ЕҢБЕК БИРЖАСЫ

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Меңдіқара – облыс орталығына жақын орналасқан аудандардың бірі. Сондықтан аталған өңірдің халқы, әсіресе жастары қалада жұмыс істейді. Ауданда қалып, кәсіпкерлікпен айналысып жатқан адамдар да аз емес. Солардың бірі – Салтанат Қабанбаева.

Салтанат мемлекеттік мекемеде еңбек етіп, былтыр зейнеткерлікке шыққан болатын. Ұзақ жыл қызметте болған адам қол



«Сұлтан» атты дәмхана бар

құсырып қарап отырғысы келмеді. Жолдасымен ақылдаса келе, кәсіп ашып, пайдалы іспен айналысуға тоқталады. Осылайша, 2014 жылы жаңадан шағын дәмхана салып, оны іске қосты. Бұл бизнес «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы арқылы ашылғанын атап өтейік.

– Жолдасым екеуіміз біраз уақыттан бері кәсіпкерлікпен айналысуды жоспарлап жүрген едік. Жергілікті жұмыспен қамту орталығы арқылы несие алуға болатынын естідік. Мемлекеттік бағдарламаның ұсынған жеңілдіктері көңілден шықты. Тәуекелге бел байлап, көптен бері ойға алған істі бастап кеттік, – дейді кәсіпкер Салтанат Қабанбаева.

Шағын дәмхананы ашу үшін мемлекет тара-



Жаңа нысан отыз адамға шақталған. Іші жылы, жарық әрі жинақы. Әзірге, мұнда келушілердің саны тұрақты емес. Адамдар бірде көп, бірде аз келеді.

– дейді кәсіпкер.

Мұнда қазір бір аспаз ғана бар. Қосымша шаруаларды екеуі бірлесе тындырып, дәмхананың жұмысын іліп алып кетті. Болашақта бастаған бизнесін кеңейтпек ойы да бар.

Бизнесті жаңадан бастаған Салтанат Қабанбаева сияқты кәсіпкерлерге «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы үлкен қолдау болып отыр. Аталмыш бағдарлама республика бойынша 2011 жылғы 1 шілдеден бастап іске асырылады. Оның мақсаты – жұмыссыздарды және табысы аз адамдарды тұрақты және нәтижелі түрде жұмыспен қамту.

Бағдарлама 2013 жылы жетілдіріліп, «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» болып бекітілді.

СУРЕТТЕРДЕ: «Сұлтан» дәмханасының ішкі және сыртқы көріністері; кәсіпкер Салтанат Қабанбаева.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



пынан үш миллион теңге несие алды. Қаражаттың көп бөлігі құрылыс жұмыстарына кеткен. Ал, қалған ақшаға асхананың құрал-жабдықтары мен жиһаз сатып алды.

Дәмхананы ұлы Сұлтанның есімімен атапты.

– Аудан орталығында мұндай дәмханалар көп емес. Халықтың сұранысы да бар. Келушілердің қатары уақыт өте көбейеді деп ойлаймын. Дәмхананың жұмысы көпшілікке де, өзімізге де пайдалы. Ең қуаныштысы осы емес пе,



8 ақпан,
дүйсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 Апта. 11.05 Дара жол. 12.30 Ақсауыт. 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.05 "Жүрегім сізге аманат". 17.00 Менің Қазақстаным. 17.30 Жаңалықтар. 17.50 Халықтық экономика. 18.15 Өзгерген өңір. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Серпіліс. 21.05 Т.х. "Шырғалаң". 22.00 "Келін". 22.50 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.20 Футзал. 1.20 Спорт.

ХАБАР

7.00 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жеті күн. 11.10 М.с. 12.25 "Сотқа жеткізбей". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 Т.с. "Условия контракта". 14.10 Т.с. "Гречанка". 15.00 Новости. 15.15 Бармысың, бауырым? 16.00 Жаңалықтар. 16.15 Өмір сабақтары. 17.15 Т.с. "След". 17.55 Орталық Хабар. 19.00 ТВ Бинго. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Арнайы Хабар. 21.00 Итоги дня. 21.30 Т.с.

9 ақпан,
сейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Шырғалаң". 10.50 "Сұңқар". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 Д.ф. "Ғасырлар үні". 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.05 "Жүрегім сізге аманат". 17.05 Спорт. 17.30 Жаңалықтар. 18.15 М.ф. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Шырғалаң". 22.00 "Келін". 22.50 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.20 Футзал. 1.20 Жаңалықтар. 1.50 Футзал.

ХАБАР

7.00 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 М.ф. 11.45 "Сотқа жеткізбей". 12.15 Т.х. "Тракторшының махаббаты". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Условия контракта". 14.10 "Гречанка". 15.00 Новости. 15.10 "Сүйген жарым". 16.00 Жаңалықтар. 16.15 Біздің үй. 17.00 Новости. 17.15 "След". 17.55 Тағдыр

10 ақпан,
сәрсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Шырғалаң". 10.50 "Сұңқар". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 Д.ф. "Ғасырлар үні". 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.05 "Жүрегім сізге аманат". 17.00 Жарқын бейне. 17.30 Жаңалықтар. 17.55 Табыс сыры. 18.15 М.ф. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Шырғалаң". 22.00 "Келін". 22.55 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.50 Астана-қаржы орталығы. 0.00 Жаңалықтар. 0.50 "Сұңқар".

ХАБАР

7.00 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 М.ф. 12.15 "Тракторшының махаббаты". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Условия контракта". 14.10 "Гречанка". 15.00 Новости. 15.10 "Сүйген жарым". 16.00 Жаңалықтар. 16.15 Біздің үй. 17.00 Новости. 17.15 "След". 18.00

11 ақпан,
бейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Шырғалаң". 10.50 "Сұңқар". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 Д.ф. "Ғасырлар үні". 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.05 "Жүрегім сізге аманат". 17.00 Үш тұғырлы тіл. 17.30 Жаңалықтар. 17.55 Д.ф. "Қорғаныс қуаты". 18.15 М.ф. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.20 Айтуға оңай... 21.05 "Шырғалаң". 22.00 "Келін". 22.50 Түнгі студияда Н. Қоянбаев. 23.20 Футзал.

ХАБАР

7.00 Бұйымтай. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 М.ф. 11.45 "Сотқа жеткізбей". 12.15 "Тракторшының махаббаты". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Условия контракта". 14.10 "Гречанка". 15.00 Новости. 15.10 "Сүйген жарым". 16.00 Жаңалықтар. 16.15 Біздің үй. 17.00 Новости. 17.15

Апталық телебағдарлама

"Осколки". 22.30 Жекпе-жек. 23.15 Бетпе-бет. 23.50 Жаңалықтар. 0.25 Итоги дня.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Арқа-ақпарат. 9.30 Келбет. 9.55, 11.25, 12.25, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 10.00 Арқа-ақпарат. 10.35 Т.с. "Жена офицера". 11.30 Бірінші студия. 12.05 Вызов. 12.30 М.с. 13.00 Жаңалықтар. 13.30 Новости. 14.00 Т.х. "Қыздар". 15.00 "Қазақ даласының құпиялары". 15.25 М.с. 16.00 "Қызыл сарайдағы түс". 17.00 ABC+. 17.20 Шетелдегі қазақ балалары. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 "Қазақстан 2050". 18.30 Новости. 19.00 "Қазақстан-Қостанай" арнасы алтын қорынан. 19.30 Бірінші студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Арқа әуендері. 21.00 Новости. 21.35 "Жена офицера". 22.40 "Қызыл сарайдағы түс". 0.00 Жаңалықтар.

АСТАНА

7.00 Kaznet. 7.40 М.ф. 8.10 Біздің уақыт. 9.00 Т.х. "Ханшайым". 10.20 Т.с. "Украденная жизнь". 11.30 Т.х.

жолы. 18.25 Т.х. "Бауыржан Момышұлы". 19.15 "Тракторшының махаббаты". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Бюро расследований. 21.00 Итоги дня. 21.30 "Осколки". 22.30 "След". 23.15 Бетпе-бет. 23.45 Арнайы Хабар. 0.20 Жаңалықтар.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.30 Алдаспан. 10.00 Новости. 10.35 "Жена офицера". 11.25, 12.25, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 11.30 Бірінші студия. 12.05 Третий тайм. 12.30 Ажар. 13.00 Жаңалықтар. 14.00 "Қыздар". 15.00 "Қазақ даласының құпиялары". 15.30 М.с. 16.00 "Қызыл сарайдағы түс". 17.00 ABC+. 17.25 Шетелдегі қазақ балалары. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Регион10. 18.30 Новости. 19.00 "Қазақстан-Қостанай" арнасы алтын қорынан. 19.30 Первая студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Қазына. 21.00 Новости. 21.35 "Жена офицера". 22.40 "Қызыл сарайдағы түс". 0.00 Жаңалықтар.

Тур де Хабар. 18.25 "Бауыржан Момышұлы". 19.10 "Тракторшының махаббаты". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Қайсар жандар. 21.00 Итоги дня. 21.30 "Осколки". 22.30 "След". 23.30 Бетпе-бет. 0.05 Жаңалықтар. 0.40 Итоги дня.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.30 "Қазақстан 2050". 10.00 Новости. 10.35 "Жена офицера". 11.25, 12.25, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 11.30 Бірінші студия. 12.05 М.с. 12.30 "530:630". 13.00 Жаңалықтар. 13.30 Новости. 14.00 "Қыздар". 15.00 "Қазақ даласының құпиялары". 15.30 М.с. 16.00 "Қызыл сарайдағы түс". 17.00 ABC+. 17.25 Шетелдегі қазақ балалары. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Интонация. 18.30 Новости. 19.00 "Қазақстан-Қостанай" арнасы алтын қорынан. 19.30 Первая студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Параллели. 21.00 Новости. 21.35 "Жена офицера". 22.40 "Қызыл сарайдағы түс". 0.00 Жаңалықтар.

"След". 18.00 Тур де Хабар. 18.25 "Бауыржан Момышұлы". 19.10 "Тракторшының махаббаты". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Тағдыр жолы. 21.00 Итоги дня. 21.30 "Осколки". 22.30 "След". 23.20 Бетпе-бет. 23.55 Жаңалықтар. 0.30 Итоги дня.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалықтар. 9.30 Регион10. 10.00 Новости. 10.35 "Жена офицера". 11.25, 12.25, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 11.30 Первая студия. 12.00 М.с. 12.30 Полиглот: тіл тұғыр! 13.00 Жаңалықтар. 13.30 Новости. 14.00 "Қыздар". 15.00 "Қазақ даласының құпиялары". 15.30 М.ф. 16.00 "Қызыл сарайдағы түс". 17.00 ABC+. 17.20 Шетелдегі қазақ балалары. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Третий тайм. 18.30 Новости. 19.00 "Қазақстан-Қостанай" арнасы алтын қорынан. 19.30 Бірінші студия. 20.00 Жаңалықтар. 20.35 Интонация. 21.00 Новости. 21.35 "Жена офицера". 22.40 "Қызыл сарайдағы түс". 0.00 Жаңалықтар.

"Жетім жүрек". 13.00 Т.х. "Әлия". 14.10 Избранное за неделю. 15.40 "Ханшайым". 16.30 Т.х. "Махаббат хикаясы". 17.30 Т.х. "Ұрланған тағдыр". Kaznet. 18.30 "Жетім жүрек". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 "Әлия". 22.50 Т.с. "Меч 2". 23.40 "20:30". 0.10 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Дала әуені. 7.30 Другими глазами. 9.30 Больше, чем любовь. 10.00 Қайырлы күн. 11.05 "Помпеи-уақыт тоқтап қалған қала". 12.10 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Қайырлы күн. 13.30 Добрый день. 14.25 Золотая середина. 15.00 "Жаңашылдар". 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Құрлықтардың қалыптасуы". 18.00 Өмір. Театр. Кино. 19.25 Ученый совет. 21.00 Наш Казахстан. 22.00 Культпоход. 22.10 Ұлы дала елі. 22.50 "Портреты заговорили". 0.00 "Жаңашылдар".

НТК

7.30 Күлкі базар. 7.50 Жұлдыз-

АСТАНА

7.00 Kaznet. 8.00 "20:30". 8.30 Жаңалықтар. 9.00 "Ханшайым". 10.20 "Украденная жизнь". 11.30 "Жетім жүрек". 13.00 "Әлия". 14.10 "Кеш емес" ток-шоуы. 14.50 Kaznet. 15.10 "Ханшайым". 16.30 "Махаббат хикаясы". 17.30 "Ұрланған тағдыр". 18.30 "Жетім жүрек". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 "Әлия". 22.50 "Меч 2". 23.40 "20:30". 0.10 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Дала әуені. 7.30 Другими глазами. 8.55 Неизвестный Казахстан. 9.30 Өмір жолы. 10.00 Қайырлы күн. 11.05 "Құрлықтардың қалыптасуы". 12.10 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Қайырлы күн. 14.25 Золотая середина. 15.00 "Жаңашылдар". 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Құрлықтардың қалыптасуы". 18.00 Ұлы дала елі. 19.20 Ученый совет. 21.15 Больше, чем любовь. 22.00 Культпоход. 22.10 "Сахна сырлары".

АСТАНА

7.00 Kaznet. 8.00 "20:30". 8.30 Жаңалықтар. 9.00 "Ханшайым". 10.20 "Украденная жизнь". 11.30 "Жетім жүрек". 13.00 "Әлия". 14.10 Kaznet. 14.40 Такси. 15.10 "Ханшайым". 16.30 "Махаббат хикаясы". 17.30 "Ұрланған тағдыр". 18.30 "Жетім жүрек". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 "Әлия". 22.50 "Меч 2". 23.40 "20:30". 0.10 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Дала әуені. 7.30 Другими глазами. 9.20 Тұңғыштар. 10.00 Қайырлы күн. 11.05 "Құрлықтардың қалыптасуы". 12.10 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Қайырлы күн. 14.30 Летелись степи. 15.00 "Жаңашылдар". 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Құрлықтардың қалыптасуы". 18.00 Больше, чем любовь. 19.25 Өмір. Театр. Кино. 22.00 Культпоход. 22.10 "Портреты заговорили". 22.35 Опе-

АСТАНА

7.00 Kaznet. 8.00 "20:30". 8.30 Жаңалықтар. 9.00 "Ханшайым". 10.20 "Украденная жизнь". 11.30 "Жетім жүрек". 13.00 "Әлия". 14.10 Kaznet. 14.40 Такси. 15.10 "Ханшайым". 16.30 "Махаббат хикаясы". 17.30 "Ұрланған тағдыр". 18.30 "Жетім жүрек". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 "Әлия". 22.50 "Меч 2". 23.40 "20:30". 0.10 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Дала әуені. 7.30 Другими глазами. 8.10 Байтерек. 9.25 Ұлы дала батырлары. 10.00 Қайырлы күн. 11.05 "Құрлықтардың қалыптасуы". 12.10 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Қайырлы күн. 14.40 Секреты музеев. 15.00 "Жаңашылдар". 16.00 TED: Идеи, достойные распространения. 17.00 "Құрлықтардың қалыптасуы". 19.05 Тайны и судьбы великих казахов. 22.00 Культпоход. 22.10 Егіз жүрек. 22.40 Телеспектакль.

дар шеруі. 8.40 Екі езу. 9.00 Ревю. 9.20 "Зайцев + 1". 9.50 "Универ". 10.20 "Интерны". 10.50 "Реальные пацаны". 11.20 Комеди вумен. 12.30 М.ф. 15.30 Күлкі ойнақ. 16.20 Екі езу. 16.40 "Айжан". 17.40 Т.х. "Күн өміршісі". 19.00 "Зайцев + 1". 19.30 Комеди вумен. 20.40 "Универ". 21.10 "Интерны". 21.40 "Реальные пацаны". 22.10 Ревю. 22.40 "Айжан". 0.00 Х.ф. "Рокки 5".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Шыдамның шегі. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 Айна онлайн. 12.30 Келеңсіз кездесу. 13.20 "Үзілген жапырақтар". 15.00 "Гадалка". 15.30 Х.ф. "Невеста моего друга". 17.15 Большая перемена. 18.30 "Побег из аула". 19.30 "Үзілген жапырақтар". 21.00 "Қарагүл". 22.00 Один в один. 0.50 Х.ф. "Из Парижа с любовью".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 Т.с. "Сүйген

22.40 М. Мақатаевтың рухына арналған кеш. 0.30 "Ғажайып туынды".

НТК

7.30 Күлкі базар. 8.20 Ревю. 8.40 Екі езу. 9.20 "Зайцев". 9.50 "Универ". 10.20 "Интерны". 10.50 "Реальные пацаны". 11.20 Комеди вумен. 12.30 М.ф. 15.30 Күлкі ойнақ. 16.20 Күлкі базар. 16.40 "Айжан". 17.40 "Күн өміршісі". 19.00 "Зайцев + 1". 19.30 Комеди вумен. 20.40 "Универ". 21.10 "Интерны". 21.40 "Реальные пацаны". 22.10 Ревю. 22.40 "Айжан". 0.00 Х.ф. "Другой мир: Пробуждение".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 8.00 Шыдамның шегі. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 Айна онлайн. 12.30 Келеңсіз кездесу. 13.20 "Үзілген жапырақтар". 15.00 "Гадалка". 15.30 Х.ф. "Лабиринты любви". 17.15 Большая перемена. 18.30 "Побег из аула". 19.30 "Үзілген жапырақтар". 21.00 "Қарагүл". 22.00 Человек-невидимка. 23.00 "Секретные материалы". 0.00 "Ответный удар".

ра "Кармен". 0.05 "Жаңашылдар".

НТК

7.30 Күлкі базар. 8.20 Ревю. 8.40 Екі езу. 9.20 "Зайцев + 1". 9.50 "Универ". 10.20 "Интерны". 10.50 "Реальные пацаны". 11.20 Комеди вумен. 12.30 М.ф. 15.30 Күлкі ойнақ. 16.20 Екі езу. 16.40 "Айжан". 17.40 "Күн өміршісі". 19.00 "Зайцев + 1". 19.30 Комеди вумен. 20.40 "Универ". 21.10 "Интерны". 21.40 "Реальные пацаны". 22.10 Ревю. 22.40 "Айжан". 0.00 Х.ф. "Широко шагая".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Шыдамның шегі. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 Айна онлайн. 12.30 Келеңсіз кездесу. 13.20 "Үзілген жапырақтар". 15.00 "Гадалка". 15.30 Х.ф. "Любовь на два полюса". 17.15 Большая перемена. 18.30 "Побег из аула". 19.30 "Үзілген жапырақтар". 21.00 "Қарагүл". 22.00 Человек-невидимка. 23.00 "Секретные материалы". 0.00 "Ответный удар".

НТК

7.30 Күлкі базар. 8.20 Ревю. 8.40 Екі езу. 9.20 "Зайцев + 1". 9.50 "Универ". 10.20 "Интерны". 10.50 "Реальные пацаны". 11.20 Комеди вумен. 12.30 М.ф. 15.30 Күлкі ойнақ. 16.20 Екі езу. 16.40 "Айжан". 17.40 "Күн өміршісі". 19.00 "Зайцев + 1". 19.30 Комеди вумен. 20.40 "Универ". 21.10 "Интерны". 21.40 "Реальные пацаны". 22.10 Ревю. 22.40 "Айжан". 0.00 Х.ф. "Закусочная на колесах".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Шыдамның шегі. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 Айна онлайн. 12.30 Келеңсіз кездесу. 13.20 "Үзілген жапырақтар". 15.00 "Гадалка". 15.30 Х.ф. "Любовь на асфальте". 17.15 Карaoke - живой звук. 18.30 "Побег из аула". 19.30 "Үзілген жапырақтар". 21.00 "Қарагүл". 22.00 Человек-невидимка. 23.00 "Секретные материалы". 0.00 "Ответный удар".

сұлу". 9.00 Т.с. "Бәйбіше-тоқал". 10.00 Готовим с Адель. 10.30 Т.с. "Базарбаевтар". 11.00 М.с. 12.00 "Ералаш". 14.00 Т.с. "Бәйбіше-тоқал". 15.00 Т.с. "Айти-молодец". 16.00 Т.с. "Папины дочки". 18.00 Т.с. "Лондонград. Знай наших". 19.00 Т.с. "Слуга народа". 20.00 Информбюро. 21.00 Т.с. "Киелі неке". 23.00 Т.с. "Күйеу бала". 00.00 Т.с. "Слуга народа". 1.00 Х.ф. "Поменяться местами". 3.00 Х.ф. "Спиди-гонщик".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН Подробности. 9.40 По следам музейных невидимок. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 SoloWay. 15.00 ПроАгро. 15.30 "7 передача". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 М.ф. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Маленькие путешествия по большому краю. 20.00 РТН. 20.30 Дело №. 21.10 В ладу с природой. 21.30 Легенды эфира. 22.00 РТН. 22.30 Baby Гид. 23.00 Өмір ағымы. 0.10 Панорама дня.

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Киелі неке". 9.00 "Бәйбіше-тоқал". 10.00 "Базарбаевтар". 10.30 "Алиментщики live". 11.00 М.с. 12.00 "Ералаш". 13.00 Информбюро. 14.00 "Бәйбіше-тоқал". 15.00 Т.с. "Айти-молодец". 16.00 "Папины дочки". 18.00 "Лондонград. Знай наших". 19.00 "Слуга народа". 20.00 Информбюро. 21.00 "Киелі неке". 23.00 "Күйеу бала". 00.00 "Слуга народа". 1.00 Х.ф. "Золотой ребёнок". 3.00 Х.ф. "Калеучче: Зов моря".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 Baby Гид. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 Т.с. "Трава под снегом". 14.00 Дело №. 14.10 Солнечная кухня. 14.30 По следам музейных невидимок. 15.00 "Госпожа горничная". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 М.ф. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Маленькие путешествия по большому краю. 20.00 РТН. 20.30 Винтаж. 21.10 "Трава под снегом". 22.00 РТН. 22.30

12 ақпан, жұма

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Таңшолпан. 10.00 "Шырға-лаң". 10.50 "Сұңқар". 11.45 Айтуға оңай. 12.30 Д.ф. "Ғасырлар үні". 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10 "Келін". 15.00 Әйел бақыты. 16.05 "Жүрегім сізге аманат". 17.05 Жан жылуы. 17.30 Жаңалықтар. 17.55 Иман ай-насы. 18.15 Баламен бетпе-бет. 18.35 "Жүрегім сізге аманат". 19.30 Жаңалықтар. 20.15 Айтуға оңай... 21.00 Ұлттық шоу: Роза шақырады. 22.10 "Келін". 23.05 Жайдарман. 23.30 Сіз не дейсіз? 0.00 Жаңалық-тар. 0.45 "Сұңқар".

ХАБАР

7.00 Бұйымтай. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жаңалықтар. 10.10 "Осколки". 11.00 Новости. 11.10 М.ф. 11.45 "Сотқа жеткізбей", 12.15 "Тракторшы-ның махаббаты". 13.00 Жаңалықтар. 13.15 "Условия контракта". 14.05 "Гречанка". 15.00 Новости. 15.10 "Сүйген жарым". 16.00 Жаңалықтар. 16.15 Өмір сабақтары. 17.00 Новос-

ти. 17.15 "След". 18.25 "Бауыржан Момышұлы". 19.20 "Тракторшының махаббаты". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 StartUp Болашақ. 21.00 Итоги дня. 21.30 Х.ф. "Умница Уилл Хан-тинг". 23.50 Т.х. "Перекресток в Ас-тане".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Жаңалық-тар. 9.30 Әуендер әлемі. 10.00 Но-вости. 10.35 "Жена офицера". 11.25, 12.25, 13.55, 15.05, 17.25, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 11.30 Бірінші студия. 12.00 М.с. 12.30 Вол-шебный фонарь. 13.00 Жаңалықтар. 14.00 "Қыздар". 15.00 "Қазақ дала-сының құпиялары". 15.30 М.ф. 16.00 "Қызыл сарайдағы түс". 17.00 АВС+. 17.20 Шетелдегі қазақ балалары. 17.50 Жаңалықтар. 18.10 Алдаспан. 18.30 Новости. 19.00 "Қазақстан-Қостанай" арнасы алтын қорынан. 19.30 Первая студия. 20.00 Жаңа-лықтар. 20.35 Д.ф. "Қазақстан". 21.00 Новости. 21.35 "Жена офицера". 23.00 Телетриптих "00.00". 0.00 Жа-ңалықтар.

13 ақпан, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт. 8.00 Айналайын. 8.35 Агробизнес. 9.00 Сенбілік таң. 10.05 Дауа. 10.35 Әзіл әлемі. 12.30 Ас болсын! 13.15 Табыс сыры. 13.30 Р. Стамғазиевтің концерті. 14.20 Т.х. "Құтқарушы". 18.40 Т.х. "Өмірдің өзі новелла". 19.30 Жаңалықтар. 20.05 Үздік әндер. 21.00 Дара жол. 22.35 Өнер қырандары. 23.20 Футзал. 1.20 Жаңалықтар. 1.50 Футзал.

ХАБАР

7.00 Тамаша. 8.40 Бармысың, ба-уырым? 9.25 Продвопрос. 9.45 Тур де Хабар. 10.15 М.ф. 13.00 Сказка "Король Дроздобород". 14.00 Орталық Хабар. 15.10 Жеті ән. 16.30 К.ф. "Қара шаңырақ". 18.05 А. Керімбе-кованың ән кеші. 19.45 Бенефис-шоу. 21.00 Жеті күн. 22.00 Х.ф.

"Охотник на лис". 0.20 "Перекресток в Астане". 1.50 "Қамар сұлу" спек-таклі.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Жаңалықтар. 8.30 М.с. 9.00 Новости. 9.30, 11.50, 14.40, 16.50, 18.20, 19.50, 20.20, 23.25 Телемар-кет. 9.40 Х.ф. "Омела". 11.20 Аспаз мектебі. 11.30 Әуендер әлемі. 12.00 Телетриптих "00.00". 13.05 Әдемі-Ай. 14.05 Әндер мен жылдар. 16.30 "Том-пақ". 17.00 "Парыз". 18.00 "530:630". 18.30 Т.с. "Убить Сталина". 19.30 Әуендер әлемі. 20.00 Бойтұмар. 20.30 ДамаФон. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.35 Т.с. "Крапленый". 23.35 "Па-рыз".

АСТАНА

8.00 Новости. 9.00 Суперпапа. 9.40 М.ф. 10.20 "Украденная жизнь". 11.30 "Жетім жүрек". 13.00 "Меч 2".

АСТАНА

7.00 Kaznet. 8.00 "20:30". 8.30 Жаңалықтар. 9.00 "Ханшайым". 10.20 "Украденная жизнь". 11.30 "Жетім жүрек". 13.00 "Әлия". 14.10 Kaznet. 14.40 Такси. 15.10 "Ханшай-ым". 16.30 "Махаббат хикаясы". 17.30 "Ұрланған тағдыр". 18.30 "Жетім жүрек". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Ұрланған тағдыр". 22.00 "Әлия". 22.50 "Меч 2". 23.40 "20:30". 0.10 Жаңалықтар.

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 Дала әуені. 7.30 Другими глазами. 8.10 Байтерек. 9.20 Наш Казахстан. 10.00 Қайырлы күн. 11.05 "Құрлықтардың қалыптасуы". 12.10 TED: Таратуға тұрарлық идеялар. 13.00 Қайырлы күн. 14.20 Музей құ-пиялары. 15.00 "Жаңашылдар". 16.00 TED: Идеи, достойные распростра-нения. 17.00 Д.с. "Нефертити - Мы-сырдың жұмбақ патшайымы". 18.00 Егіз жүрек. 19.30 Сахна сырлары. 22.10 Х.ф. "Убить короля". 0.00 "Жа-

16.10 Той жыры. 16.35 "Аналар". 17.00 Отбасы. 17.30 "Ұрланған тағ-дыр". 18.30 "Жетім жүрек". 20.00 Біздің уақыт. 21.00 "Ұрланған тағ-дыр". 22.00 Ел аузында. 23.00 Аста-на кеші көңілді. 0.15 Т.х. "Өмірші әйел".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 К.ф. "Корольдің қазасы". 8.55 Летопись степи. 9.25 История современного джаза. 10.50 Золотая середина. 11.30 Дала әуені. 12.15 Өмір жолы. 13.20 Х.ф. "Прерванная серенада". 14.45 Концерт. 16.30 Өмір. Театр. Кино. 18.00 Байтерек. 19.05 К.ф. "Мустафа Шоқай". 21.30 Р. Стамғазиевтің шығармашылық кеші. 22.20 Х.ф. "Шоколад". 0.30 "Х миссиясы".

НТК

7.40 Жұлдыздар шеруі. 8.20 Екі

АСТАНА

8.00 Суперпапа. 8.40 М.ф. 10.20 "Украденная жизнь". 11.30 "Жетім жүрек". 13.00 "Меч 2". 15.15 Х.ф. "Доживем до понеделника". 17.30 "Ұрланған тағдыр". 18.30 "Жетім жүрек". 20.00 Избранное за неделю. 20.40 Kaznet. 21.00 "Ұрланған тағ-дыр". 22.00 Той жыры. 22.20 Отба-сы. 22.40 "Аналар". 23.00 Сырласу. 23.40 "Өмірші әйел".

БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

7.00 К.ф. "Шоколад". 9.30 Исто-рия современного мира. 11.20 Учен-ный совет. 12.00 Өмір жылы. 12.30 К.ф. "Мустафа Шоқай". 15.30 Ұлы дала елі. 16.35 Кемел кеңістік. 18.00 Байтерек. 19.15 "Қоңыр" тобының концерті. 21.05 Х.ф. "Джейн Эйр".

нашылдар".

НТК

7.30 Күлкі базар. 8.20 Ревю. 8.40 Екі езу. 9.20 "Зайцев + 1". 9.50 "Уни-вер". 10.20 "Интерны". 10.50 "Реаль-ные пацаны". 11.20 Комеди вумен. 12.30 М.ф. 15.30 Күлкі ойнақ. 16.20 Екі езу. 16.40 "Айжан". 17.40 "Күн өміршісі". 19.00 "Зайцев + 1". 19.30 Комеди вумен. 20.40 "Универ". 21.10 "Интерны". 21.40 "Реальные пацаны". 22.10 Ревю. 22.40 "Айжан". 0.00 Х.ф. "Дэнни - цепной пес".

7 АРНА

7.30 Күнбастар. 8.00 Шыдамның шегі. 8.30 Күнбастар. 9.00 С новым домом. 10.00 О самом главном. 11.00 Смеяться разрешается. 12.00 Айна онлайн. 12.50 Келеңсіз кезде-су. 13.20 "Үзілген жапырақтар". 15.00 Х.ф. "Мы странно встрети-лись". 16.40 Измайловский парк. 19.30 "Үзілген жапырақтар". 21.00 "Қарагүл". 22.00 Вечерний Киев. 23.40 Х.ф. "Области тьмы".

езу. 9.00 Как это сделано. 9.40 М.ф. 13.40 Ең күлкілі әртістер. 14.40 Екі езу. 15.00 М.ф. 16.30 М.ф. "Гарфилд". 18.00 Алтын таспа. 19.00 "Ауылдас-тар". 20.10 Однажды в России. 21.00 Х.ф. "Я, робот". 23.00 Х.ф. "Рокки Бальбоа".

7 АРНА

7.30 Выжить любой ценой. 8.30 "Шебербек ағай". 9.00 Свидетили. 9.30 "Будьте здоровы". 10.30 Вечер-ний Киев. 12.00 Q-елі. 12.30 Кон-церт. 15.00 Х.ф. "Никогда не забуду тебя". 17.00 ВООМ. 18.00 Айна он-лайн. 18.30 ТОЙLIKE. 19.30 Х.ф. "Лейла". 21.00 Х.ф. "Секретные ма-териалы: хочу верить". 23.15 "Исто-рия одного отката". 0.10 Х.ф. "Брат".

31 АРНА

6.00 Әзіл студио. 7.00 Информа-бюро. 8.00 "Киелі неке". 10.00 Гото-вим с Адель. 10.30 М.ф. 11.00 Х.ф. "Знакомство с Факерами". 13.00 Х.ф.

0.30 "Х миссиясы".

НТК

7.40 Жұлдыздар шеруі. 8.40 Екі езу. 9.00 Как это сделано. 9.40 М.ф. 13.00 Х.ф. "Я, робот". 15.00 М.с. 15.50 Алтын таспа. 16.50 Ең күлкілі әртістер. 18.00 "Ауылдастар". 20.00 Экстрасенсы ведут расследование. 21.00 Х.ф. "Гороскоп на удачу". 23.05 Тематик-шоу. 0.00 Танцы.

7 АРНА

7.30 Выжить любой ценой. 8.30 "Шебербек ағай". 9.00 М.ф. 9.40 Из-майловский парк. 12.00 Шай ішейік. 13.00 Концерт. 15.00 Х.ф. "Любовь в большом городе". 18.00 Жан сы-рым. 18.30 Т.с. "Лейла". 21.00 Кон-церт. 22.10 Х.ф. "500 дней лета". 0.15 Х.ф. "Области тьмы".

31 АРНА

6.00 "Ризамын". 7.00 "Киелі неке". 9.00 "Бәйбіше-тоқал". 10.00 "Базар-баевтар". 10.30 "Алиментщики live". 11.00 М.с. 12.00 "Ералаш". 13.00 Информбюро. 14.00 "Бәйбіше-тоқал". 15.00 "Айти-молодец". 16.00 "Папи-ны дочки". 18.00 "Лондонград. Знай наших". 19.00 "Слуга народа". 20.00 Информбюро. 21.00 "Киелі неке". 23.00 "Күйеу бала". 00.00 "Слуга народа". 1.00 Х.ф. "Безумный город". 3.00 Х.ф. "Несносный дед".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 ПроАгро. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Трава под снегом". 14.00 В ладу с природой. 14.20 Тор-говый дом. 14.30 По следам музей-ных невидимок. 15.00 "Госпожа гор-ничная". 16.00 Жаңалықтар. 16.30 М.ф. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 М.ф. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңа-лықтар. 19.30 Маленькие путеше-ствия по большому краю. 20.00 РТН. 20.30 "7 передача". 21.00 "Трава под снегом". 22.00 РТН. 22.30 Солнеч-

ная кухня. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Территория происшествий. 0.10 Па-норама дня.

ЕВРАЗИЯ

8.00 Доброе утро. 11.00 "Одино-кий волк". 11.55 Басты патруль. 12.05 "Сүйген жар". 13.00 Ашығын айтқан-да. 13.55 Жұма уағызы. 14.10 П@утіпа. 14.35 "Первая помощь". 15.15 Новости. 15.40 Х.ф. "Средний род, единственное число". 17.40 Жди меня. 18.40 Лотерея "Автокуш". 18.50 Поле чудес. 20.00 Новости. 21.00 "Сүйген жар". 22.00 Жаңалықтар. 22.45 "Джодха және Ақбар". 23.35 "Золотой граммофон". Часть 3.

КТК

7.40 "Қарадайы". 8.40 Жаңалық-тар. 9.10 "Махаббат пен өшпенділік". 10.10 "Последний ход королевы". 12.00 Новости. 12.40 Наша правда. 13.35 "Ищейка". 15.30 "Барышня-кре-стьянка". 16.30 "Тағдырмен тартыс". 18.00 "Махаббат мұңы". 18.30 "Әйел қырық шырақты". 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.40 Наша правда. 22.40 Х.ф. "У бога свои планы". 0.30"Ищейка".

рына роща". 8.00 Таңғы пошта. 8.35 П@утіпа. 9.00 Смак. 9.40 Х.ф. "Лю-бовник для Люси". 11.35 Фабрика грез. 12.00 "Әйел сыры...". 13.00 101 кеңес. 13.25. П@утіпа+. 14.25 "Зо-лотой граммофон". Часть 3. 16.15 Добрый вечер, Казахстан! 17.20 Т.с. "Врачиха". 20.00 "Первая програм-ма". 21.00 "Врачиха". 22.00 Кешкі кездесу. 23.10 Жаңалықтар. 23.50 Х.ф. "Клим".

КТК

7.05 М.ф. 7.20 Х.ф. "За витри-ной универсама". 8.40 КТК қоржыны-нан. 9.30 Жүрежкарды. 10.10 Кры-вые зеркало. 12.00 Новости. 12.45 Наша правда. 13.40 Х.ф. "Вечный зов". 16.30 Біздің концерт. 17.40 Шаншар. 18.20 К.ф. "Тағдыр". 20.00 "Әйел қырық шырақты". 21.00 Сверхъестественные. 22.00 Другая правда. 23.00 "Я стесняюсь своего тела". 0.30 Дорогая, мы убиваем детей.

14 ақпан, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

7.00 Концерт. 8.30 Айналайын. 9.00 Ақсауыт. 9.30 Бүгінгі жексенбі. 11.05 М.х. 12.40 "Өмірдің өзі новел-ла". 13.30 Келбет. 14.00 Сөздің пірі - Сүйінбай. 14.20 "Құтқарушы". 18.40 Әзіл әлемі. 20.00 Апта. 21.00 Кон-церт. 23.30 К.ф. "Жерұйық". 1.20 Апта.

ХАБАР

7.00 Тамаша. 8.30 Айбын. 9.00 Жеті күн. 10.00 Ас арқау. 10.25 Тур де Хабар. 10.55 М.ф. 12.30 Сказка "Румпельштильхен". 13.30 Бене-фис-шоу. 14.45 Х.ф. "Лотерея". 16.25 Х.ф. Нұртастың концерті. 18.30 Қызық times. 19.45 Ду-думан. 21.00

Жеті күн. 22.00 Х.ф. "Прощай, дет-ка, прощай". 0.00 "Перекресток в Астане".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Әуендер әлемі. 8.30 М.с. 9.20 К.ф. "Ою-өрнек құпиясы". 10.50, 13.55, 15.10, 16.55, 17.30, 18.25, 22.30, 23.55 Телемаркет. 11.00 Ас-паз мектебі. 11.30 "Қазақстан-Қос-танай" арнасы алтын қорынан. 12.00 "1001 история успеха". 12.30 "Сде-лано в Казахстане". 13.05 Әдемі-Ай. 14.00 Концерт. 16.20 "Томпақ". 17.00 "Парыз". 18.00 Әуендер әлемі. 18.30 Т.с. "Убить Сталина". 19.30 Волше-бный фонарь. 20.00 "Қазақстан-Қос-танай" арнасы алтын қорынан. 20.30 Вызов. 21.00 Арқа-ақпарат. 21.35 "Крапленый". 23.35 "Парыз".

Сот жабық түрде өтуде

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Еліміздегі ауыл шаруашылығы саласы жағынан ең алпау-ыт серіктестіктердің бірі "Иволга Холдинг" ЖШС-ін банкрот деп тану жөніндегі азаматтық сот басталды. "Еуразиялық Даму Банкі" АҚ шағымы бойынша өтіп жатқан процесс Қостанай об-лысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық со-тында қаралып жатыр. Оған шағым беруші ұйым мен жауапкер тараптан басқа кредитор банкердің өкілдері де қатысуда.

Бұған дейін облыстық соттың баспасөз қызметінің мәлімде-геніндей, "Еуразиялық банк" АҚ айыпталушы тарап "Иволга Холдинг" ЖШС-не 80 миллион АҚШ доллары көлемінде қарыз берген. Қарыз алушы несиелік шарт бойынша міндеттерін орын-дамаған (міндетті 1 жылдан астам орындамаған). "Иволга Хол-динг" ЖШС уақытша басқарушысы айыптау мерзімін ұзартуды сұрады. Өйткені, қарыз алушыда мүлкі мол, сондықтан қаржы-шаруашылық қызмет бойынша ақпарат жинау үшін уақыт қажет", – делінген хабарламада.

4 ақпан күні басталған сот отырысына тілшілер қауымы да барған болатын. Алайда, айыпталушы тарап өкілдері судьяға соттың жабық өтуін талап етті. Айтуларынша, сот отырысы барысында құжаттық-қаржылық құпиялар айтылады. Ал арыз берушілер мен кредиторлар журналистердің қатысқанына қарсы болған жоқ. Алайда, судья сот жабық түрде өтсін деген шешім шығарды.

Бейнекамералардың көмегі көп

Қостанайда бейнеқадағалау камераларының көмегімен бір аптада 493 құқық бұзушылық анықталды. Қалалық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері осы жүйені пайдаланып, қылмыстық әрекет туралы 284, әртүрлі оқиға туралы 554 хабарды тіркеді. Камералар 30 жол-көлік оқиғасын көрсетіп берді.

Тәртіп сақшылары 2 ақпан күні бір қылмысты анықтады. "102" тетігіне қала орталығындағы бір

дүкеннің сатушысы хабарласып, белгісіз біреудің ақша ұрлағанын айтты. Бейнеқадағалау инспек-торы көрші аулаларды қарау кезінде дүкен жақ-тан келе жатқан үш күдіктіні байқап қалды. Бағдар бойынша оқиға болған жерге жергілікті полиция-ның автопатрулі жіберілді. Күдіктілер қолға түсті.

Сол күні такси жүргізушісі белгісіз біреулердің қаланың оңтүстік бөлігіндегі дүкеннің шынысын сындырып, ішке кіргенін хабарлады. Бейнеқада-ғалау инспекторының бағдарымен полицейлер күдіктілерді ұстады.


"Қауіпсіз жол" шарасы нәтижесіз емес

"Қауіпсіз жол" жедел-алдын алу шарасы өткен үш күнде қостанайлық полицейлер 1045 құқық бұзушылықты анықтады.

Іс-шара барысында көлікпен келе жатып теле-фонмен сөйлескен 129 және белдік тақпаған 255 жүргізуші әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жергілікті полиция қызметінің аға инспекторы

Ю.Панасенконың айтуынша, облыс полицейлері жол қозғалысына бақылауды күшейтіп, жол ере-жесін бұзу жағдайларын анықтады. Ең көп тараған құқық бұзушылықтың бірі – жолдан белгіленбеген жерден өту. Облыста осындай 162 факті тіркелді. Жылдамдықты асырған 70 жүргізуші әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Мас болып көлік жүргізген 28 жүргізуші ұсталды.

Сағындым сені, жан әке



Мен көкемді қатты сағындым... Асқар тауым шағылып, бәйтерегім құлағалы міне бір жыл болды. Арада жыл өтсе де, жан-дүниемді алай-дүлей күйге түсірген сағыныш оты, өзегімді өртеп жіберердей күй кешемін. Көңілге ерік беріп, жанарымнан аққан сарғайған сағыныштың көз жасын құрғата алмай қаламын. Жеңісім мен жеңілісімді, қуанышым мен қайғымды бірге бөлісіп, көңіліме медеу болған сәттерге қайтып оралсам шексіз бақытқа кенелер едім.

Кейде осының бәрін қорқынышты түстей ұмытып, бақытты шақтарға сапар шексем ғой деп армандаймын. Алайда, амал нешік. Сұм ажал әкемізді 2015 жылдың 11 ақпанында алып кетті. Бұл күн өзгеге әдеттегідей көрінсе, бұл дата мен үшін өмірімнің ажырамас бөлшегіне

айналған, ақкөкемнен айрылған күн болып жадымда мәңгіге қалды. Кейде, үйге жүзі жарқырап кіріп келетіндей көрінеді. Бәріміз дастарқан басына жиналып, әдеттегідей таңғы шайымызды ішіп, күнделікті күйбең тіршілік өрби беретіндей көрінеді де тұрады. Ешқайсысымыз әкеміздің өмірден өткеніне сенгіміз келмейді.

Отбасында үйдің кенжесі болғандықтан ба, көкем маған ерекше ыстық еді. Әке туралы мақала, не болмаса әңгіме оқысам, ішкі жан дүнием өртеніп сала береді... Кейде сені көрсем, армансыз сөйлессем, сағынышымды бассам деп арман қиялға беріліп кетемін. Бірақ адам баласы мұндайда әлсіз, қолынан түк те келмейді екен-ау. Сағындым. Тым болмаса соңғы рет көріп, қоштаса да алмадым. Сол күні кең маңдайына алақанымды тосып, "Әкетайым-ау, қайда кеттің бізді тастап..." дегенім әлі есімде. Мүмкін мен сөйлесем оянар деп ойладым, түсімдей болды. Көкем болса, бір уыс аппақ болып жатты. Денесі мұздай суық еді... Тұла бойым дірілдеп, жон арқам шымырлап, көкірегім қарсы айырылғандай күй кештім. Бәрінен бұрын әкемізбен 40 жыл отасқан анамызға ауыр тиді. Қаладан келген сайын анамыз күліп қарсы алып, әкеміздің жоқтығын білдірмеуге тырысады. Алайда, төрдегі орын ойсырап тұрады.

"Шіркін-ай, Аллам ғұмырын кішкене ұзартып, менің, ұлының жоғары оқу орнымды аяқтағанымды көрсегей..." — деп, кейде қамығам. Әлі де көрер қызығы көп еді ғой... Бірақ, енді "Жазмышқа не шара, Жаратқанға да жақсы кісі керек көрінеді" деп өзімізді өзіміз жұбатуға мәжбүрміз. Қолымыздан келетіні, Жаратқаннан "Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, алды пейіш, арты кеніш болсын!" деп дұға тілеу ғана. Ендігі бар байлығымыз анамыздың тілегін тілеп, әкемізге көрсете алмаған бар жақсылықты беру — перзенттік парызымыз.

Жыл болды күтіп жүрміз
келмейсіз,
Сізді күнде кеп қалар деп іздейміз.
Сіз мәңгіге кетіпсіз ғой өмірден,
Сонда да біз бұл шындыққа
сенбейміз.
Жүректесіз мәңгі біздің көңілде,
Жас таусылды көзден
біздің төгіле.
Жайлы болсын жатқан жерің
ӘКЕШІМ,
Самғап жүрші жәннаттың төр
кегінде.
Әкешім сағынамыз, сарғаямыз,
Алланың жазғанына бағынамыз.
Әкешім жасамаған ғұмырыңды,
Иә, Раббым анамызға нәсіп етсін
деп жалынамыз!

Еске алушы балаң
Арман АРЫСТАН.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

Көңілі кең, жүрегі жомарт, абзал азамат, қамқор аға, сыйлы іні, адал жар, мейірімді әке, ақылшы ата бола білген **КӨШМЫРЗИН Әлмұқан Көшмырзаұлының** бұл фәниден озғанына 2016 жылдың 9 ақпан күні бір жыл толады. Өзіңізді жоқ деуге әлі де қимаймыз, қиналамыз... Зымырап өтіп жатқан уақыт өзіңізді бізден алыстатса да, жүрегімізде мәңгі қаласыз.

Өмірден сүрінбеген ұлы өткелде,
Біліммен шыға білген биіктерге.
Мәңгілік сапарға сіз кетсеңіз де,
Өшпестей қаласыз сіз жүректерде.
Ұрпағың асулардан асып өтсін,
Қайғы көрмей, мерейі тасып өтсін.
Жақсылық көп жасаған жақынына,
Алла сізге жұмақ бағын нәсіп етсін.
"Жатқан жеріңіз жайлы болып, қабіріңіз нұрға толсын", — деп сағынышпен еске алушылар: **аға-жеңгелері, іні-келіндері, жұбайы, балалары, немере-шөберелері.**



Еске алу

Мейірімді әке, адал жар **Қасенханұлы Төлеубай** егер ортамызда жүргенде 5 ақпанда 60 жасқа толар еді.

Бір ұяның алтын діңгек пірі едің,
Балаларыңа аспандағы күн едің.
Төте келіп алып кетті сұм өлім
Төбемізге жауып кетті түнегін.

Ұл-қыз қалды жүз паршалап жүрегін,
Жарың қалды қайғы жұтқан реңін.
Бауырларың амал таппай аһ ұрды,
Патша құдай бермегесін тілегін.

Жаратылған адалдықтан пенде едің,
Жанымызды азырақ күн тербедің.
Армандарың асқақ еді-ау, амал не,
Ұл-қызыңның көп қызығын көрмедің.

Еске алушы досы **Сабыржан Жаппасбаев**, апасы **Рая**.



БІЛІМ

Тәрбие тал бесіктен басталады

Қазіргі заманға сай бала тәрбиелеу аса үлкен жауапкершілік пен білімді талап етеді. Қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өмірге келген нәрестеге ана махаббаты мен кіршіксіз таза көңілі ауадай қажет. Отбасы — сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы — бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі — тәрбие беру.

Баланы 3 жасына дейін ата-ананың тәрбиесінде болса, содан кейін бала-бақшаға орналастырады осы сәттен бастап бала үлкен ұжымның тәрбиесіне үйрене бастайды. "Тәрбие — тал бесіктен" демекші, бала ата-анасынан алған жақсы тәрбиесін үлкен ұжымда тәрбиешілердің көмегімен, ата-аналардың қолдауымен әрі қарай ұштастырады. Заманауи білім берудегі жаңашылдықтар балаға мектепке дейінгі білімнің іргетасы бөбекжай-бақшасынан қаланады. Біздің Қостанай қаласының орталығындағы №61 бөбекжай-бақшасында балалардың жан-жақты дамуына көп мән беріледі, сондықтан бөбекжай-бақша басшылары тәрбиешілерге жаңа технологиялар бойынша және бүлдіршіндердің тілдерін дамытуда әртүрлі әдістерді пайдалануды талап етеді. Тәрбиеленуші бөбекжай-бақшада әр ұйымдастырған іс-шарадан үйренген тәлімдерін отбасында мақтаншыпен қайталайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың жай және құрмалас сөйлемдердің түрлерін толық ажырата алатындай дәрежеге жеткізілуі қажет, сондықтан



баланың тілін дамыту, жақсы жетілдіру үшін түрлі әдістемелер қолданылады. Мысалы, балаға оқу іс-әрекеті қызғылықты болу үшін театрлық қойылымдарда балалар түрлі кейіпкердің рөлін сомдау арқылы қызығушылықтары оянып, берілген тапсырманы үйренгенше асығып, тәрбиешілердің айтқанын тез арада жаттап алуға тырысады. Қанша дегенмен бұл жерде тәрбиешілердің еңбегі зор. Баланың жеткен жетістігіне ата-ана қандай қуанса, тәрбиешілер де үйреткендерін қатесіз орындаса, шаттыққа бөленеді. Жақында №61 бөбекжай-бақшасының "Қыз-ғалдақ" тобының балалары Ы.Алтынсариннің 175 жылдығына орай мұражайға қонаққа барды. Онда Ы.Алтынсариннің "Мақта қыз бен мысық" шығармасын сомдап, тобымыздың балалары үлкен қуанышпен оралды.

Мектепке дейінгі педагогика мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, білім беру, дамыту туралы және оның негізгі

заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Тіл дамытудан ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде балаларда үйретілетін көркем шығармалардың әрқайсысының тәрбиелік мәні бар. Сол көркем туындылар арқылы берілетін тәрбие мектепке дейінгі педагогика қамтитын тәрбиенің түрлеріне байланысты болады. Олай болса тіл дамыту әдістемесі бала тілін дамытуда педагогиканың негізгі заңдылықтарын ескереді.

Қорыта келе айтарым, баланың тілінің дұрыс дамуына қиындықтарға мойымай, үйретуге жалықпай тәрбиешілермен ата-аналар бірлесе отырып жұмыс істеген жағдайда көп нәтиже береді. Бөбекжай-бақшамыздан заманға сай, дарынды да талапты, келешегі кемелді, отанына адал ұрпақ тәрбиелейік демекпін.

Алмагүл ЖҰМАБАЕВА,
№61 бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі.

Қостанай қаласы.

СПОРТ



Тартысқа толы сайыс

Облыс орталығында дарынды оқушыларға арналған мектептер арасында "Дарын жұлдыздары" деген атпен көпсайысты спорттық ойындардан жарыс болып өтті. Сегіз адамнан құралған командалар ұзындыққа секіру, жеке сындағы оқушылар жарысы, есеп шығару, қаппен секіру, асық ату, арқан тарту сияқты ойын түрлерінен бақ сынады.

Қызыққа әрі тартысқа толы өткен жарыста үшінші орынды дарынды балаларға арналған Озат мектебі, екінші орынды Қазақ-түрік лицейі иеленсе, Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты командасы жеңімпаз атанды.

Сайысқа "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының аға әдіскерлері Салтанат Байділдина және Гүлнар Зайкинова қазылық етіп, жеңімпаз командалар марапатталып, сыйлықтарға ие болды.

Айбек СӨРСЕНГЕЛДИН,

Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

Универсиадаға қатысады

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Алдағы 5-17 ақпан аралығында Алматы қаласында Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының студенттері арасында қысқы универсиада өтеді. Спорт сайысына А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің спортшылары да қатыспақ.

Студенттер арасындағы VI қысқы универсиадаға ҚМУ-дан жиырма бес студент және бес жаттықтырушы маман барады. Қатысушылардың арасында облыстық, республикалық және халықаралық жарыстардың чемпиондары бар. Университеттің спортшылары былтыр жалпы командалық есепте бірінші орынға ие болды. Биылғы мақсат та сол межеден көріну. Университет басшылығы спортшылардың жаттығуына, универсиадаға барып-келуіне барлық жағдайды жасап отыр. Жоғары нәтиже көрсеткен



студенттерге оқу процесінде жеңілдіктер ұсынылып, "Мәдениет" гранты тағайындалады екен. Алматыға баратын делегация жолсапардың алдында оқу орнының студенттерімен кездесті. Басқосуға университеттің бірінші проректоры Орынбай Тағаев қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

– Мемлекет басшысы бұқаралық спортты дамытуға әрқашан көңіл бөліп келеді. Біздің оқу орнының басшылығы да салауатты өмір салтын насихаттаудан

жалыққан емес. Алда республикалық универсиада тұр. Бақ пен баптың сыналар шағында біздің спортшы студенттеріміз жеңіске жетіп, қуанышпен оралады деп сенеміз. Жоғары нәтижеге жетуге сіздердің мүмкіндіктеріңіз бар, – деді ҚМУ-дың бірінші проректоры Орынбай Тағаев.

СУРЕТТЕ: делегациямен кездесу сәті.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДА

Игі дәстүр жалғасын тапты

**Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ**

Рудный қаласындағы "Горняк" жастар спорттық клубында "ССКӨБ" АҚ мен еншілес кәсіпорын жұмыскерлері арасындағы дәстүрлі қысқы спартакиаданың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Осымен 21-рет ұйымдастырылып отырған спорт додасында 200-ге жуық қатысушы екі ай бойы волейбол, баскетбол, мини-футбол, стритбол, үстел теннисі, шахмат, нысананы көздеп ату, гир тасын көтеру, арқан тартыс, шаңғы мен жүзу эстафетасы бойынша өзара бақтарын сынамақ.

Спартакиаданың ашылуында спортшыларды бірлестік президенті атынан әлеуметтік мәселелер және корпоративтік мәдениет басқармасының басшысы Александр Макаренко құттықтады.

– Тамаша дәстүрдің ешқандай дағдарысқа қарамастан жалғасын тапқандығына қуаныштымын. Еуразиялық Топ пен кен алыбы үшін жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығынан асқан байлық жоқ. Сондықтан бұл спорттық жарыстар еш жарақатсыз, әрі әділ өтуін тілеймін, – деді ол.

Сондай-ақ "ССКӨБ" АҚ Кәсіподақ ұйымының төрайымы Татьяна Шерстобитова мен "Горняк" ЖСК директоры Андрей Масюк қатысушыларға жылы лебіздерін білдірді. Олар өз сөзінде кен алыбындағы "Жастар" бағдарламасының маңыз-



дылығына тоқталып, спорттық жарыстардың ұжымдағы қарым-қатынасты жақсартатынын атап өтті.

Биыл "А" (ірі бөлімшелер) және "Б" (шағын бөлімшелер) тобында ең үздік атану үшін 18 команда жарысқа түседі. Алғашқы күндердің өзінде олар ерлер арасындағы волейбол, шахмат пен жүзу эстафетасында жоғары деңгейдегі дайындықпен жеңіске деген құлшыныстарын көрсете алды. Спартакиада Наурыз мерекесіне дейін жалғасадy. Жалпы, қорытынды бойынша қос топтың жеңімпаздары кәсіподақ комитеті мен "Нұр Отан" партиясы тағайындаған арнайы кубок пен ақшалай сыйлықтарға ие болады.

**Шұға
ҚОҢҚАБАЙ**

Қазынаға қарызы барлармен жұмыс қыза түсті. Сот орындаушылары полиция қызметкерлерімен бірігіп рейдке шықты. Шара барысында бірнеше көлік айып тұрағына қойылса, ондаған жүргізушіге ескерту берілді.

Қостанай өңірі бойынша 3 мыңға тарта азамат қазынаға қарыз. Олардың дені жол ережесін бұзғандар. Айыппұлдарын уақытылы төлемегендерге жаза қатаң. Көліктерін айып тұрағына жіберіп, жүргізушіге тағы айыппұл

салынады. Әкімшілік полиция басқарма-

ретте "Поток" кешені үлкен көмек көрсетіп отыр. Іздестіру базасы-

зын өндіріп алдық, – деді У.Қожықова.

Борышкерлер жалтара алмайды

сының бөлім басшысы Урала Қожықованың айтуынша, жиналған айыппұл соммасы 722 млн. теңге. Оның 402 млн. теңгесі ғана өндіріліпті:

– Қостанай облысында өндіріп алу 55% құрайды. Бұл

мен, бейнебақылау камерасымен және жылдамдық өлшегіш құралымен жарақтандырылған арнайы автокөлігі бар. Осы құрылғының арқасында өткен жылы 98 миллион теңге қарызы бар 8 мыңнан артық борышкердің қары-

Рейдке қатысушы, облыстық әділет департаментінің сот орындаушылар бөлімінің басшысы Бекболат Баниязов айыппұлдарды өндіріп алуда полициялардың көмегі көп тиіп жатқанын айтады:

– Айыппұлдарды өндіріп алу

кезінде уәскелік инспекторлар мен жол полицейлермен тығыз жұмыс істей отырып, шараларды бірлесіп атқарамыз. Мәжбүрлі түрде айыппұлдарды өндіріп алу кезінде қатаң шаралар қолдануға дейін барамыз, – дейді ол.

Мәжбүрлі түрде өндіріп алу шараларының бірі – көліктерді алу. Бұл күні құзырлы орган өкілдері бірнеше көліктерді айып тұрағына тоғытты.

Қазір сот орындаушылары қарызгерлерге уақытында төленбеген айыппұлдар сот орындаушыларының бірден базасына енетінін ескертті. Қарызгер мүлігінен айырылғанымен қоса, шет елге шығуына шектеу қойылады.

ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз-70!

Жанкелдин ауданының Қалам-Қарасу ауылында тұратын анамыз, үлкен бір әулеттің ақылшысы **Несібелді Кебекқызы КӨБЕКОВА** 8 ақпан күні 70 жасқа толады. Біздер анамызды осынау мерекесімен шын жүрегімізден құттықтаймыз. Асыл Ана, деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ болсын! Ұл-қыздарыңыздың, немере-жиендеріңіздің қызығын көруге жазсын Алла!

Құтты болсын 70 жасыңыз,
Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!
Балалардың арасында жүріңіз,
Шаттық нұрдан ашық болсын жүзіңіз!
Тілек еттік шын жүректен бәріміз
Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз!

Құттықтаушы балалары – Жаңағұл, Мақсат-Дина, Жанар-Бекболат, Тұрар, Анар-Жанат, Әйгерім-Рүстем, Динара, жиендері, немерелері.




Мерейтой-60!

Науырзым ауданы Өлеңді ауылында тұратын ардақты өке, адал жар, әулетіміздің тірегі **ШЕРБАЕВ Төлеген Сабырұлы** 60 жасқа толатын торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, ұзар ғұмыр, бақыт тілей отырып:

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Ізгі тілекпен: **жұбайы, балалары, күйеу балалары, келіндері, немерелері.**



Мерейтой-60!

Қостанай қаласының тұрғыны аяулы да ардақты әкеміз **БІРЖІКЕНОВ Аамандық Әбдіғалиұлы** ақпан айының 6-да толатын 60 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Әкемізге салауатты өмірдің саулығын, әрбір сәтті күннің қуанышын, берекелі еңбектің бақытын, ұрпақтарыңыздың, немере-жиендеріңіздің, шапағат мейіріміне бөленіп, ортамызда ойнап-күліп анамызбен бірге ұзақ өмір жолын тілей отырып мына өлең жолдарын сізге арнаймыз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда ұзақ өмір сүріңіз!

Ізгі тілекпен: **жұбайыңыз Рсалды, балаларыңыз, келіндеріңіз және немерелеріңіз**



Мерейтой-60!

Қостанай қаласында тұратын **Аамандық Әбдіғалиұлы БІРЖІКЕНОВ** 6 ақпан күні асқаралы 60 жасқа толады. Осы мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Қашанда шындықты тура айтатын, әулетіміздің асқақ абыройын, туған-туыстарының қамын ойлап жүретін, өрмекші өтірікке жайсаң жаны қас, тау басынан артық жаман сөзді асырмайтын тентек, әрі ақылды інім жан-жары Рысалды екеуі ұлағатты ұл, қазыналы қыз есіріп бәріне жоғары білім алдырып, ұлын – уяға, қызын – қияға қондырды. Бүгінде бәрінен несібелі немерелерін сүйіп, тәлімді тәрбиесіне зор мән беріп отырған бақытты отбасы. Алдағы өміріне зор денсаулық, ұзақ ғибратты ғұмыр тілей отырып, озық ойға алған барлық асқақ армандарының орындалуына тілектеспіз.

Ізгі тілекпен: **Өмірзақ-Рысай.**




Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.01.2016 ж. № 39 "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам құру туралы" (бұдан әрі – Корпорация) Қаулысына сәйкес 2016 жылдың 1 наурызынан бастап Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы", Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Жылжымайтын мүлік орталығы", Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және жер қорын басқару істері жөніндегі комитетінің "Жер кадастрының ғылыми-өндірістік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындар және Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталда мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен Корпорацияға қосылуы және қайта құрылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды.

Қатысты сұрақтар бойынша мына мекенжайы: Қостанай қ-сы, Досжанов к-сі, 184/1, тел: 39-25-79.

● ДЕНСАУЛЫҚ

"Увильды" шипажайы – дертке дауа, жанға шипа

"Увильды" шипажайы Челябині облысына қарасты Увильды көлінің жағасында орналасқан көпсалалы емдеу-сауықтыру кешені. Ал, Челябині облысы мен Орал аймағының ең әдемі, ең таза көлі саналып қана қоймай, шипалы емімен дүйім әлемнің ықыласына бөленген Увильды көлін бүгіндері білмейтін жан кемде-кем шығар. Көлдің құмды жағажайы шоғылуға, демалуға арналған жайлы жер. Ауасы да жанға жайлы, қоршаған табиғатының кескін келбетінің өзі керемет. Әсем табиғаты, тіпті басын көкке тіреген ағаштары да адам бойына күш-қуат береді. Сексен бес жылға жуық тарихы бар бұл шипажайда адамның денсаулығын нығайтуға, шипалы ем алуына барлық жағдай жасалған. Сондай-ақ, "Увильды" шипажайы радон суымен, сапропель балшығымен дүйім елге танымал. Мұндағы қайталанбас табиғи радон сулары шипажайдағы көптеген медициналық бағдарламаларға кеңінен пайдаланылады. Радон суы эндокриндік жүйені тұрақтандырып, иммундық жүйені жақсартады, сондай-ақ, қабынуға қарсы, жүрек-қан тамырлары және неврологиялық ауруларды емдеуге таптырмайтын шипасы мол су болып табылады. Ал, құрамы минералды тұздар мен микроэлементтерге бай сапропель балшығы да қан айналымын жақсартып, ағзадағы шлакты шығаруға, теріні дәрмендермен және микроэлементтермен байытып, қартаю процесін тежейді. Сондықтан, сапропель балшығы "Увильды" шипажайында көптеген аурулардың алдын алуға қолданылады. Ағзаға жұмсақ әсер ететін балшықтың балаларды, қарттар мен аурудан өлсіреген адамдарды емдеуде көп пайдасы бар. Отыздан астам елдің арасындағы емдік балшықтар арасында шипажайдың бұл балшығы тоғызыншы орында көрінеді. Білікті дәрігердің айтуынша, көз-



әңгімелеп, жоғарыда аты аталған шипажайдың тыныс-тіршілігі, ондағы емдік шаралардың пайдасы турасында айтып берді.

төмендеп, аурудың клиникалық көріністері біліне бастайды. Токсикалық заттардың әсерінен бірінші орында иммунды және лимфалық жүйе-

Қостанайға Челябині облысына қарасты "Увильды" шипажайының бас директоры, Ресейдің еңбек сіңірген дәрігері, медицина ғылымдарының докторы Александр Мицуиков келді. Қостанайлықтармен кездесуі барысында "Қазіргі заман адамының денсаулығы" тақырыбында лекция оқыған тәжірибелі дәрігер жиналғандарға денсаулық туралы, салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану тәртібі мен ұзақ өмір сүрудің сыры жайлы

келген адам ұзақ өмір сүруі үшін ең алдымен дұрыс тамақтану тәртібін ұстануы қажет. Осы мақсатта, шипажайда адамды табиғи жолмен сауықтыруға арналған орталық жұмыс істейді. Онда лимфология және эндозологиялық медицина, яғни ағзаны қалыпқа келтіру бағдарламасы бойынша ем жүргізіледі. Ғалымның сөзінше, эндозология – бұл адамның ішкі ортасы туралы ғылым.

– Бүгінде сыртқы ортаның ластануы және экология дағдарысы организмнің ішкі ортасының ластануы мен дағдарысын тудыруда. Денсаулықты жағымсыз жағдайлардан қорғау үшін, ағзадағы уытты заттар деңгейін төмендету және оны сыртқа шығаруды үйрену керек. Бұл мәселені шешу үшін медицинадағы жаңа бағыт – эндозология ғылымы орын алды. Ағзаның улану әсерінен организм жасушалары жарақаттанады, ағзаның қорғаныс күштері

лер зақымданады. Эндозологиялық тепе-теңдіктің бұзылысы жаңа аурулардың пайда болуына себепкер болады. Осыған орай, қазіргі уақытта эндозологиялық қалпына келтіру жүйесі қалыптасты. Бұл әдіс организмді токсиндерден тазарту үшін қолданылады. Міне, біздің шипажайдағы адам денсаулығын табиғи сауықтыру орталығының мамандары осы әдіспен емдейді. – дейді білікті дәрігер Александр Мицуиков.

Ғалымның айтуынша, мұндай эндозологиялық сауықтырудан кейін адамның ағзасы организмдегі созылмалы сырқаттармен өзі-ақ күрес алатын болады. Созылмалы сырқаттардың жиі-жиі сыр беруі төмендеп, жиі дәрі-дәрмекке тәуелділік те азаяды, иммунитет қалпына келіп, артық салмақтан арылып, бет терісі жақсарып, жалпы ағза жасарып, адамның денсаулығы толықтай түзе-

леді.

Бүгінде "Увильды" шипажайы жеке Ми клиникасымен де кеңінен танымал. Емханадағы білікті де тәжірибелі дәрігерлер заманауи медициналық аппараттармен, арнайы емдік шаралармен, физиоимеулер арқылы мидың қантамырлары жүйесін, жүйке жүйесін, бас ауруы, бастың айналуы, ұйқыны қалыпқа келтіру, есте сақтау қабілетінің бұзылуы, инсульт, күйзеліс, невроз бен қатты қорыл сияқты сырқаттарды толық емдеп жаза алады. Сондай-ақ, емханаға ем алуға барған науқас ең алдымен невропатолог дәрігердің қабылдауында болып, толықтай клиникалық тексерістен өткізіледі. Ал, емханада клиникалық және биохимиялық көрсеткіштерді анықтайтын арнайы диагностикалық зертхана да бар. Осы күнге дейін бұл клиникадан үш мыңға жуық науқас емделіп шыққан көрінеді.

Шипажайдағы кардиологиялық, пульмонологиялық, урологиялық, гинекологиялық, гастроэнтерологиялық, ревматологиялық, эндокринологиялық, офтальмологиялық және жалпы терапевтикалық бағдарламалар арқылы да сырқатына дауа іздеген жанның ем қабылдап, құлан-таза айығып шығуына мүмкіндік бар.

"Увильды" шипажайының тағы бір ерекшелігі, мұнда пышақсыз-ақ бет-өлпетті жақсартып, жасартуға да болады. Бүгіндері заманауи эстетикалық және инновациялық лазерлік технологиямен жұмыс істейтін орталыққа келушілер қатары да жетіп артылады.

– Кез келген адам салауатты өмір салтын ұстану арқылы ұзақ өмір сүруге болатындығын және кез келген аурудың емі бар екендігін білуі тиіс. Біздің бүгінгі лекциямыз да қазіргі заман адамының денсаулығына арналуда. Жасыратыны жоқ, қазіргі қарбаласқан заманда адамдардың дені өз денсаулығына немқұрайлы

қарайды. Салауатты өмір салтын ұстанбайды, дұрыс тамақтану тәртібіне де көңіл бөлмейді. Сондықтан, осындай лекциялар арқылы біз адамдарға өз денсаулығына немқұрайлы қарамауды ескерткіміз келеді. Біздің көп салалы "Увильды" шипажайы Ресейдегі бірегей емдеу сауықтыру орны болып табылады. Біздің базамызда стационарлық ем алуға да болады. Пластикалық хирургия орталығы, ми клиникасы, табиғи сауықтыру орталығы, перенатальды орталық жұмыс істейді, бәрі де заманауи медициналық құрылыстармен жабдықталып, емделушілеріміздің сапалы ем алуына барлық жағдай жасалған. Біздегі урологиялық және гинекологиялық орталықтар ерлер мен әйелдер мәселесін шешуге де толық мүмкіндік бар. Жалпы, шипажайда жыл сайын он бес мыңға жуық емделуші ем қабылдап кетеді. Қазақстанның өзінен былтыр үш мыңға жуық адам демалып, ем қабылдады. Қостанайлықтарды да біздің шипажайда дем алуға шақырамыз. Айта кетер жәйт, сырттан келушілерге де ресейліктер үшін сияқты жеңілдіктер жасалады. – дейді шипажайдың бас директоры А.Мицуиков.

"Увильды" шипажайына барып, демалғыңыз келсе, мына мекенжайға хабарласуыңызға болады: **"Увильды" курорты – Челябині облысы, Аргаяш ауданы, Увильды поселкесі, индексі 456890, тел: +7 (351) 225-14, 225-16-16, +7 (351-31) 2-36-14, 2-36-16, 2-35-99; sales_uvildy.ru**

Шипажайдың Челябинідегі кеңсесі: 454000, Челябині қаласы, Соня Кирова көшесі, 28. Тел: +7 (351) 263-95-93; 263-95-94; 265-06-90.

UCMAS Менталды арифметика немесе ойша есеп
Балаңыздың дарынын ашыңыз!
 Усмас- 4 жас пен 12 жас аралығындағы балалардың ақыл-ой қабілетін дамытуға арналған, ойша есеп жүйесіне негізделген бірегей бағдарлама. Барлық педагогтар мен оқушылар осы бағдарламаға сәйкес халықаралық деңгейде сертификатталған.

UCMAS бағдарламасының пайдасы:

- Назарын шоғырландыру
- Фотографиялық есте сақтау
- Нақтылық және жылдамдық
- Өз-өзіне сенімділік
- Шығармашылық ойлау
- Есту және байқампаздық
- Оқудағы жетістіктер
- Қиял мен елес

Қостанай қ. Қозыбаев көшесі, 107.
 ☎ 54-33-95, 8-702-720-53-50
 ✉ ucmas_kostanay@mail.ru
 🌐 www.ucmas.kz

Бірінші сабақ тегін!

Балалар білім беру орталығы
«Дарын»

- Мектепалды даярлық
- Ұзартылған күн тобы (қазақ және орыс тілдерінде)
- 3-5 жастағы балаларға арналған кешенді дамыту бағдарламалары
- Ана+сәби тобы (1,2 жасстан 2 жасқа дейін)
- Бүлдіршін (2 жасстан 3 жасқа дейін)
- Барлық пәндер бойынша репетиторлық (1-4 сыныптар)
- Ағылшын және қазақ тілдері (жеке сабақтар)
- Үйірмелер: шығармашылық шеберхана, театр
- Қазақ тілінде мектепке даярлау тобына қабылдаймыз.

Қостанай қ. Текстильщикова көш., 9 ұй., к.217
 Тел: 8 747-602-48-06, 56-57-40 (кешке) 55-40-22 (күндіз)

350 мың теңге залалды өтейтін болды

Облыстық соттың баспасөз қызметі мәлімдегеніндей, Қарасу ауданының №2 соты "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" АҚ ауыл тұрғыны 37 жастағы азамат Г.-ға қатысты шағымы бойынша азаматтық істі қарады.

Өткен жылдың 30 қыркүйегінде Қарасу ауданының Октябрьск ауылында жауапкер темір жол арқылы өз малын айдап өтпек болған. Нәтижесінде, жүк поезі малды соғып зақымданады. Бұл факті бойынша Г. әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Талап шағымды жауапкер толығымен мойындаған.

Сот "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 350 мың теңге материалдық залалды өндіру туралы шағымын толығымен қанағаттандырды.

Сот шешімі заңды күшіне неген жоқ.

Қ.МАРАТҚЫЗЫ.

Балалар студиясы
Кесте бойынша сабақтар
Толық жұмыс күніне

Қостанай қ.
 Абай д-лы, 26
 тел.: 22-89-92,
 8 705-667-66-77

Қостанай қ.
 Қайырбеков к., 149

«Маленькая страна»

АМУГО am спортының клубы

Аттарды, пони, қодықтарды, пәуескені, күймелі арбаларды, шағын трактор үлгісіндегі серіппесіз арбаларды жалға береді.

Зообақтағы жануарларды жақыннан тамашалау, күтіп-баптау

Ұжымдық бағдарламалар

Арнайы саяхат

Көшпелі іс-шараларға арналған алаңқай

8 775 567 5673
8 (7142) 39 34 73

TEGA
СҒАЛУЛЫҚ САЛОНЫ

Қалыңдықтар мен күйеу жігіттерге, әйелдер мен ерлерге арналған шаш үлгілері

Қостанай қ., Баймағамбетов к. 187
 тел.: 54-19-79, 8 775 101-91-91

«Здоровый позвоночник» медициналық орталығы

Мынандай омыртқа ауруларын емдейді:
 жарық және омыртқааралық дискі протрузиясы
 омыртқа остеохондрозы
 омыртқаның қисаюы (сколиоз)
 мойын сақинасы (бас аурулары)
 дененің бұзылуы
 омыртқа ауруларының алдын алу

Қостанай қ., Чкалов көш. 14, тел: 26-61-61

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
 Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
 Жауапты хатшы: 54-33-22
 Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
 Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
 Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
 Жарнама бергізгі келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
 Компьютер орталығы: 54-54-45
 Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
 Аманкелдіде: 2-17-40
 Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
 Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
 Сарыкөлде: 2-25-17
Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Оффсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11651 Тапсырыс 248

Нөмірдің кезекші редакторлары: Қымбат ДОСЖАНОВА, Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.